

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі

МАЗМҰНЫ

Ескерту. ҚР 1997.07.16 N 168 Заңын қарау қажет.

ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

ҚР 2005.11.22 N 90 Заңымен енгізілген өзгерістер 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң" Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жүйкеге әсер ететін" деген сөздер "психотроптық" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша бөлімдердің нөмірленуі араб цифрларымен белгіленді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «жануарлар немесе өсімдіктер», «жануарлар мен өсімдіктер» деген сөздер «өсімдіктер немесе жануарлар» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-бөлім

Қылмыстық заң

1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдары

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдары тек қана осы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасы Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделеді.

2-бап. Қылмыстық кодекстің міндеттері

1. Осы Кодекстің міндеттері:

адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың

қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері

белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді.

3-бап. Қылмыстық жауаптылық негізі

Қылмыс жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

4-бап. Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуы

Әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданылып жүрген заңмен белгіленеді. Қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың басталған уақытына қарамастан, қылмыс жасалған уақыт деп танылады.

5-бап. Қылмыстық заңның кері күші

1. Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін заңның кері күші болады, яғни осындай заң күшіне енгенге дейін тиісті әрекет жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ соттылығы бар адамдарға қолданылады.

2. Егер жаңа қылмыстық заң адам сол үшін жазасын өтеп жүрген әрекеттің жазаланатындығын жеңілдетсе, тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға тиіс.

3. Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, жауаптылықты немесе жазаны күшейтетін немесе осы әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен нашарлататын заңның кері күші болмайды.

6-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасы аумағында қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған адам осы Кодекс бойынша жауапқа тартылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс деп танылады. Осы Кодекстің күші Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жасалған қылмыстарға да қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының портына тіркелген, Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыс жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адам да, оның қай жерде болуына қарамастан, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

4. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған жағдайда халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

7-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасының

шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған әрекет ол аумағында жасалған мемлекетте қылмыс деп танылса, егер бұл адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Аталған адамдарды соттау кезінде жазаны аумағында қылмыс жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды. Азаматтығы жоқ адамдар да осындай негіздерде жауапты болады.

2. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған адамның соттылығының және өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптарының, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе немесе басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмыс Қазақстан Республикасы мүдделеріне қатысты болмаса, бұл адамның Қазақстан Республикасы аумағында жасалған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды.

3. Қазақстан Республикасының одан тыс жерлерде орналасқан әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері шет мемлекеттің аумағында жасаған қылмысы үшін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

4. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған шетелдіктер қылмысы Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауапқа тартылса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

8-бап. Қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру

1. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке ұстап берілмеуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

2-бөлім Қылмыс

9-бап. Қылмыс ұғымы

1. Осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

2. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды.

10-бап. Қылмыс санаттары

1. Осы Кодексте көзделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және ерекше ауыр

қылмыстарға бөлінеді.

2. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес қылмыс деп танылады.

3. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс деп танылады.

4. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет ауыр қылмыс деп танылады.

5. Жасалғаны үшін осы Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана жасалған әрекет аса ауыр қылмыс деп танылады.

10-1-бап. Әкімшілік преюдиция

Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда үлкен қоғамдық қаупі жоқ қылмыс үшін, егер әрекет дәл осындай әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған болса, қылмыстық жауаптылық туындайды.

Ескерту. Кодекс 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы

1. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау - қылмыстардың бірнеше рет жасалуы деп танылады.

2. **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Егер адам бұрын жасаған қылмысы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

4. Жалғасатын қылмыс, яғни бір ниетпен және бір мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда бір қылмысты құрайтын бірқатар бірдей қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмыс бірнеше мәрте жасалған қылмыс деп танылмайды.

5. Қылмыстардың әлденеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда адамның жасаған қылмысы осы Кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстарды бірнеше мәрте жасағаны үшін жазалауды көздейтін бабының тиісті бөлігі бойынша айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Қылмыстардың жиынтығы

1. Осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыстардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың жиынтығында адам, егер жасалған әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Осы Кодекстің екі немесе одан да көп баптарында көзделген қылмыстардың белгілері бар бір іс-әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстардың жиынтығы деп танылады. Адам қылмыстардың мұндай жиынтығында, егер бір әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа әрекет үшін неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

3. Егер белгілі бір және нақ сол әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнаулы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің Ерекше бөлімінің арнаулы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

13-бап. Қылмыстың қайталануы

1. Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылады.

2. Қылмыстың қайталануы:

а) егер адам бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адам қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда;

б) егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса, ол ауыр қылмыс жасаған жағдайда қауіпті деп танылады.

3. Қылмыстардың қайталануы:

а) егер адам бұрын ауыр қылмыс немесе ауырлығы орташа қасақана қылмыс жасағаны үшін кемінде үш рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адам қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда;

б) егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса, осы адам жасаған ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда;

в) егер адам бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса, ол аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда аса қауіпті деп танылады.

4. Он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталған немесе жойылған соттылық қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді.

5. Қылмыстардың қайталануы осы Кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтырады.

14-бап. Қылмыстық жауапқа тартылуға тиісті адамдар

1. Есі дұрыс, осы Кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

2. Қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында бірдей.

15-бап. Қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы

1. Қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар кісі өлтіргені (96-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (103-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зардап келтіргені (104-бап, екінші бөлік), зорлағаны (120-бап), жыныстық сипаттағы күштеу әрекеттері (121-бап), адамды ұрлағаны (125-бап), ұрлық жасағаны (175-бап, екінші, үшінші бөліктері), кісі тонағаны (178-бап, екінші, үшінші бөліктері), ұрып-соққаны (179-бап), қорқытып алғаны (181-бап, екінші, үшінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатын көздемей заңсыз иеленгені (185-баптың екінші, үшінші, төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде мүлікті қасақана жойғаны немесе бүлдіргені (187-баптың екінші, үшінші бөліктері), терроризм (233-бап), адамды кепілге алуы (234-бап), террористік акті туралы біле тұра көрінеу өтірік хабарлағаны (242-бап), қару-жарақты, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды ұрлағаны не қорқытып алғаны (255-бап), ауырлататын мән-жайлардағы бұзақылығы (257-баптың екінші, үшінші бөлігі), тағылық (258-бап), есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлағаны не қорқытып алғаны (260-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде қайтыс болған адамдардың мүрдесін және олардың жерленген жерлерін

қорлағаны (275-бап, екінші бөлігі), көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыз еткені (299-бап) үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

3. Егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалу салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.02.19
N 295, 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Есі дұрыс еместік

1. Осы Кодексте көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, кемақылдығы немесе психикасының өзгеде дертке ұшырауы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес.

2. Есі дұрыс емес деп танылған адамға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін.

17-бап. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамның қылмыстық жауаптылығы

1. Қылмыс жасаған кезінде психикасының бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатымен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

2. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдетуші мән-жай ретінде ескереді және ол осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз бола алады.

18-бап. Мас күйінде қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылығы

Алкогольді ішімдікті, есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды.

19-бап. Кінә

1. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

2. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

3. Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады.

4. Абайсызда жасалған әрекет ол Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады.

20-бап. Қасақана жасалған қылмыс

1. Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған әрекет қасақана жасалған қылмыс деп танылады.

2. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, қылмыс тікелей ниетпен жасалған қылмыс деп танылады.

3. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның

қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін алдын ала білсе, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, қылмыс жанама ниетпен жасалған деп танылады.

21-бап. Абайсызда жасалған қылмыс

1. Менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады.

2. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған қылмыс деп танылады.

3. Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады.

22-бап. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс үшін жауаптылық

Егер қасақана қылмыс жасаудың салдарынан заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын және адамның ниетімен қамтылмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың пайда болатынын алдын ала білсе, бірақ осыған жеткілікті негіздерсіз оларды болдырмауға менмендікпен сенген жағдайда немесе егер адам бұл зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе, бірақ болжауға тиіс және болжай алатын болған жағдайда ғана пайда болады. Тұтас алғанда мұндай қылмыс қасақана жасалған деп танылады.

23-бап. Жазықсыз зиян келтіру

1. Егер іс-әрекет жасаған адамның іс-әрекеті (әрекетсіздігі) және одан кейін пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар оның ниетімен қамтылмаса, ал осы Кодексте абайсызда мұндай әрекет жасағаны және қоғамдық қауіпті зардаптар келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық көзделмесе, әрекет жазықсыз жасалған деп танылады.

2. Егер әрекет жасаған адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін ұғынбаған және істің мән-жайы бойынша ұғына алмаған болса, не қоғамдық қауіпті зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе және істің мән-жайы бойынша оларды алдын ала білуге тиіс болмаса немесе білуі мүмкін болмаса, әрекет жазықсыз жасалған деп танылады. Егер әрекет жасаған кезде қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуын алдын ала білген адам оны болғызбауға жеткілікті негізде сенген болса не өзінің психика-физиологиялық қасиеттерінің қысылтаяң жағдайлар талаптарына сәйкес келмеуіне немесе жүйке-психикалық ауыртпалықтарға байланысты осы зардаптарды болғызбауға шамасы келмесе де, әрекет жазықсыз жасалған деп танылады.

24-бап. Қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу

1. Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады.

2. Ауыр немесе ерекше ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық басталады.

3. Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс

жасауға оқталу болып танылады.

4. Қылмыстық жауаптылық ауырлығы орташа, ауыр немесе ерекше ауыр қылмыс жасауға оқталғаны үшін ғана басталады.

5. Қылмыс жасауға дайындалғаны және қылмыс жасауға оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің аяқталған қылмысқа арналған бабы бойынша, осы баптың тиісті бөлігіне сілтеме жасай отырып басталады.

25-бап. Аяқталған қылмыс

Егер адам жасаған әрекетте осы Кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері болса, қылмыс аяқталған деп танылады.

26-бап. Қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту

1. Адамның дайындау іс-әрекеттерін немесе қылмыс істеуге тікелей бағытталған дайындалу іс-әрекетін тоқтатуы не іс-әрекетті (әрекетсіздікті) тоқтатуы, егер адам қылмысты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржола бас тартса, ол осы қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс.

2. Қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

3. Қылмысты ұйымдастырушы мен қылмысқа айдап салушы, егер ол адамдар мемлекеттік органдарға хабарлаумен немесе өзге де қолданылған шаралармен орындаушының қылмысты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс. Егер орындаушы қылмысты аяқтағанға дейін оған күні бұрын уәде берген жәрдемнен бас тартса немесе көрсетіліп үлгерген көмектің салдарын жойса, қылмысқа көмектесуші қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс.

4. Егер ұйымдастырушының немесе айдап салушының осы баптың үшінші бөлігінде аталған іс-әрекет орындаушының қылмысты орындауын болдырмауға әкелмесе, олардың қолданған шаралары жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

27-бап. Қылмысқа қатысу ұғымы

Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады.

28-бап. Қылмысқа қатысушылардың түрлері

1. Ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші орындаушымен бірге қылмысқа қатысушылар деп танылады.

2. Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға болмайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адам орындаушы деп танылады.

3. Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық жасаған адам, сол сияқты ұйымдасқан топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), трансұлттық ұйымдасқан топты, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (трансұлттық қылмыстық ұйымды) немесе тұрақты қарулы топты (банданы) құрған не оларды басқарған адам ұйымдастырушы деп танылады.

4. Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

5. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюмен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ

қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға

немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы

1. Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысуының сипатымен және дәрежесімен айқындалады.

2. Қоса орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмысы үшін осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасамай, осы Кодекстің нақ бір бабы бойынша жауап береді.

3. Ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде қылмысты қоса орындаушылар болып табылатын жағдайларды қоспағанда, жасалған қылмыс үшін жазаны көздейтін бап бойынша, осы Кодекстің 28-бабына сілтеме жасай отырып басталады.

4. Орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда қылмыстың қалған қатысушылары қылмыс жасауға дайындалуға немесе қылмыс жасауға оқталуға қатысқаны үшін жауапқа тартылады. Өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да қылмыс жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

5. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы аталған, қылмыстың субъектісі болып табылмайтын, осы бапта көзделген қылмысты жасауға қатысқан адам осы қылмыс үшін оны ұйымдастырушы, оған айдап салушы не жәрдемдесуші ретінде қылмыстық жауапқа тартылады.

30-бап. Қылмысқа қатысушының шектен шығушылығы

Қылмысқа қатысушының басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады. Шектен шығушылық үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауапқа тартылмайды.

31-бап. Қылмысқа қатысу нысандары

1. Егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады.

2. Егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады.

3. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

4. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.

4-1. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы екі және одан да көп мемлекеттің аумағында не бір мемлекетте жасаса, бірақ оны дайындау, жоспарлау, басқару немесе оның зардаптары басқа мемлекетте орын алса немесе бір мемлекетте, бірақ басқа мемлекеттер азаматтарының қатысуымен жасаса, ол трансұлттық ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

4-2. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топтар бірлестігі екі және одан да көп мемлекеттің аумағында не бір мемлекетте жасаса, бірақ оны дайындау, жоспарлау, басқару немесе оның зардаптары басқа мемлекетте орын алса немесе бір мемлекетте, бірақ басқа мемлекеттер азаматтарының қатысуымен жасаса, ол трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.

5. Ұйымдасқан топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), трансұлттық ұйымдасқан топты, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (трансұлттық қылмыстық ұйымды) немесе тұрақты қарулы топты (банданы) құрған не басқарған адам осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларды ұйымдастырғаны және басқарғаны үшін, сондай-ақ егер қылмыстар оның

қаскүнемдік ниетімен қамтылса, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) басқа қатысушылары осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оларға қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

б. Ұйымдасқан топ құру осы Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделмеген жағдайларда

оны жасау үшін құрылған қылмыстарға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соғады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Қажетті қорғану

1. Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

3. Нәтижесінде қол сұғушыға тым шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Адам өміріне қол сұғатын не:

қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін қаруды не өзге де заттарды немесе құралдарды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен;

қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылықпен не мұндай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен;

тұрғын үйге немесе өзге де үй-жайға заңсыз басып кірумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру

1. Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

2. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар.

34-бап. Аса қажеттілік

1. Осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса

қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

2. Құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген,

төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

34-1-бап. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру

1. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осындай органның тапсырмасы бойынша осы органмен ынтымақтасып жұмыс істейтін өзге адамның заңға сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын орындауы кезінде жасаған, осы Кодексте қорғалатын мүдделерге зиян келтірген әрекеті, егер бұл әрекет адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмысты болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеу мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен келтірілетін зиянға қарағанда аздау болса, және егер оларды болғызбауды, ашуды немесе тергеуді, сол сияқты қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, ол қылмыс болып табылмайды.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері адамның өміріне немесе денсаулығына қатер, экологиялық апат, қоғамдық қасірет немесе өзге де ауыр зардаптар қатерін төндіретін әрекет жасаған адамдарға қолданылмайды.

Ескерту. Кодекс 34-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.03.16 N 163 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Орынды тәуекел ету

1. Қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

2. Егер аталған мақсатқа тәуекелмен байланыссыз іс-әрекетпен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданса, тәуекел орынды деп танылады.

3. Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына көрінеу қатер төндіруге, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса, тәуекел ету орынды деп танылмайды.

36-бап. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу

1. Егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

2. Психикалық мәжбүрлеудің нәтижесінде, сондай-ақ күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіргені үшін соның салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтаған қылмыстық жауаптылық туралы мәселе осы Кодекстің 34-бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі.

37-бап. Бұйрықты немесе өкімді орындау

1. Өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтірілгені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындағаны үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауапқа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау қылмыстық жауаптылыққа ұшыратпайды.

3-бөлім

Жаза

38-бап. Жаза ұғымы мен оның мақсаттары

1. Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

2. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

39-бап. Жазаның түрлері

1. Қылмыс жасады деп танылған адамдарға мынадай негізгі жазалар:

- а) айыппұл салу;
- б) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- в) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- г) түзеу жұмыстары;
- д) әскери қызмет бойынша шектеу;
- е) бас бостандығын шектеу;
- ж) абақтыда ұстау;
- з) алып тасталды - ҚР 2009.07.10 N 177-IV Заңымен;
- и) бас бостандығынан айыру;
- к) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

2. Сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай қосымша жазалар:

- а) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- б) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

3. Айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-бап. Айыппұл

1. Айыппұл осы Кодексте көзделген шекте, заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтіне қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақша өндіріп алу.

2. Айыппұл Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен жиырма мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Айыппұлдың мөлшерін жасалған қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып сот белгілейді.

3. Айыппұл жазалаудың қосымша түрі ретінде осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті

баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін.

4. Жазалаудың негізгі түрі ретінде тағайындалған айыппұлды төлеуден әдейі жалтарған жағдайда, ол осы Кодекстің 42, 43-баптарында көзделген қағидалар сақтала отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшеріне сәйкес келетін айыппұл сомасының орнына тиісінше бір ай түзеу жұмыстарына немесе сексен сағат қоғамдық жұмыстарға тарту есебімен қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартумен ауыстырылады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру

1. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымды атқаруға, не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы педагогтің не оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген өзге де адамның осы Кодекстің 120-бабының үшінші бөлігінің д) тармағында және төртінші бөлігінде, 121-бабының үшінші бөлігінің г) тармағында және төртінші бөлігінде, 122-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 124-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін жазаның қосымша түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

3. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан қосымша жаза ретінде айыру, егер сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті бапта көзделмеген жағдайда да тағайындалуы мүмкін.

4. Бұл жазаны бас бостандығынан айыруға қосымша жаза ретінде тағайындау кезінде ол жазалаудың аталған негізгі түрлерін өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл орайда оның мерзімі олардың өтелген сәтінен бастап есептеледі. Жазалаудың басқа негізгі түрлеріне қосымша жаза түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкім заңды күшіне енген сәттен бастап есептеледі.

Ескертулер.

1. Алынып тасталды - ҚР 2007.07.21 N 308 Заңымен.

2. Осы Кодекстің 164, 168-171, 233-1, 233-3, 233-4, 236-баптарында, 337-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 337-1-бабында көзделген қылмыстар экстремизмнің белгілері бар қылмыстар деп танылады.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2005.07.08 N 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.21 N 308, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту

1. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады, олардың түрлері жергілікті атқарушы органдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілерімен белгіленеді.

2. Қоғамдық жұмыстар алпыс сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейін белгіленеді және күніне төрт сағаттан аспайтын, егер сотталғанның тұрақты жұмыс орны болмаса немесе оқумен айналыспаса - күніне сегіз сағатқа дейінгі, бірақ аптасына 40 сағаттан көп емес уақытта өтеледі. Қоғамдық жұмыстардан әдейі жалтарған жағдайда олар осы Кодекстің тиісінше 45, 48-баптарында көзделген мерзімдер шегінде бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстырылады. Бұл орайда сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды өтеген уақытын есептеген кезде, бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың бір күні қоғамдық жұмыстардың төрт сағатына есептеледі.

3. Әскери қызметшілерге, елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге қоғамдық жұмысқа тарту тағайындалмайды.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Түзеу жұмыстары

1. Түзеу жұмыстары екі айдан екі жылға дейін мерзімге белгіленеді және сотталған адамның жұмыс орны бойынша өтеледі.

2. Түзеу жұмыстарына сотталған адамның табысынан соттың үкімімен белгіленген мөлшерде, бес проценттен жиырма процентке дейінгі шекте мемлекеттің кірісіне ұстап қалу жүргізіледі.

3. Еңбекке жарамсыз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орнында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға түзеу жұмыстарын тағайындауға болмайды. Мұндай адамдарға, егер осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптың санкциясымен айыппұл түрінде жаза көзделмеген болса, бір ай түзеу жұмысы үшін заңмен белгіленген бір айлық есепті көрсеткішке тең айыппұл сомасының есебінен сот түзеу жұмыстарының орнына айыппұл тағайындауы мүмкін. Егер аталған мән-жайлар жазаны өтеу кезінде пайда болса, сот түзеу жұмыстарын айыппұл салумен де ауыстыра алады.

4. Түзеу жұмыстарына сотталған адам жазасын өтеуден әдейі жалтарған жағдайда сот түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазалауға ауыстыра алады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-бап. Әскери қызмет бойынша шектеу

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге, сондай-ақ шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген офицерлерге осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда әскери қызметке қарсы қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген түзеу жұмысының орнына үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызмет бойынша шектеу тағайындалады.

2. Әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған адамның үлес қаражатынан соттың үкімімен белгіленген, бірақ жиырма проценттен аспайтын мөлшерде мемлекеттің кірісіне ақша ұсталып қалады. Осы жазаны өтеу уақытында сотталған адамның лауазымын, әскери атағын көтеруге болмайды, ал жаза мерзімі кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдар мерзіміне есептелмейді.

45-бап. Бас бостандығын шектеу

1. Бас бостандығын шектеу соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. Өзге жаза (қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту) бас бостандығын шектеуге ауыстырылған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Сот бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындай отырып, сотталған адамға: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттерін орындауды жүктейді. Сот, бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды: алкогольге салынудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады.

2. Бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сот бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыра алады. Бұл ретте бас бостандығын шектеуді өтеу уақыты бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебінен бас бостандығынан айыру мерзіміне есептеледі.

3. Бас бостандығын шектеу ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға қолданылмайды.

4. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сот сотталған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сотталған адамға бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жоя алады.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.21. N 363 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-бап. Абақтыда ұстау

1. Абақтыда ұстау сотталған әскери қызметшіні тағайындалған жазаның барлық мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстауды білдіреді.

2. Абақтыда ұстау бір айдан үш айға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап. Тәртіптік әскери бөлімде ұстау

Ескерту. 47-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.10 N 177-IV Заңымен.

48-бап. Бас бостандығынан айыру

1. Бас бостандығынан айыру сотталушыны колония-қонысқа жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу жолымен оқшаулаудан тұрады.

2. Үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмай бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жалпы немесе күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады.

3. Осы Кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру алты айдан он бес жылға дейін, ал аса ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыс үшін бас бостандығынан айыру он жылдан аспауға тиіс. Қоғамдық жұмыстарға тартуды, түзеу жұмыстарын немесе бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан

айырумен ауыстырған жағдайда ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде бас бостандығынан айыру мерзімдерін ішінара немесе толық қосқан жағдайда бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімі осы Кодекстің 49-бабының үшінші бөлігінде, 69-бабының бесінші бөлігінде және 75-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда жиырма бес жылдан, ал үкімдердің жиынтығы бойынша отыз жылдан артық болмауға тиіс.

4. Өмір бойы бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойы бас бостандығынан айыру әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және үкім шығару кезінде алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.

5. Бас бостандығынан айыру:

а) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға - колония-қоныстарға;

б) қасақана кішігірім немесе ауырлығы орташа және ауыр қылмыс жасағаны үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға тұңғыш рет сотталған адамдарға және қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу алты ай мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға - жалпы режимдегі түзеу колонияларына;

в) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға тұңғыш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ сотталған адам бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген болса, қылмыстардың қайталануы кезінде және қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде әйелдерге - қатаң режимдегі түзеу колонияларына;

г) қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға - ерекше режимдегі түзеу колонияларына тағайындалады.

6. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеу түрінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін.

7. Үкіммен тағайындалған түзеу мекемесінің нысанын өзгертуді Қазақстан Республикасының құқықтық-атқарушылық заңдарына сәйкес сот жүргізеді.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2004.12.09 N 10 , 2008.06.27 N

50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 175-IV , 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-бап. Өлім жазасы

1. Өлім жазасы - ату жазасы адамдардың қаза болуына ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтініш ету құқығы беріледі.
2. Өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.
3. Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытта тоқтатыла тұрады.
4. Өлім жазасы туралы үкім ерте дегенде ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.
5. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы өмір бойы бас бостандығынан айыруға немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, олардың мораторий енгізілгенге дейін өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.03.10 N 529 , 2009.07.10 N 175-IV Заңдарымен.

50-бап. Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру

1. Қасақана қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде сот айыпкердің жеке басын ескере отырып, оны құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыра алады.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті берген құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі немесе біліктілік сыныбы бар адамды қасақана қылмыс жасағаны үшін соттаған ретте сот үкім шығарған кезде ол сотталған адамды осы наградалардан, атақтардан, біліктілік шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізудің орындылығы туралы мәселені шешеді.

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Мүлікті тәркілеу

1. Мүлікті тәркілеу дегеніміз сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін, сондай-ақ қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу.
- Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын және ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) не тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыстар жасағаны үшін, сотталған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған

қаражатқа сатып алынған, сотталған адам басқа адамдардың меншігіне берген мүлік тәркілеуге жатады.

2. Мүлікті тәркілеу пайдакүнемдік ниетпен жасалған қылмыс үшін белгіленеді және осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін.

3. Қылмыстық-атқарушы заңдарда көзделген тізбеге сәйкес сотталған немесе оның асырауындағы адамдарға қажетті мүлік тәркіленбеуге тиіс.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 308, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бөлім

Жаза тағайындау

52-бап. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері

1. Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

2. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза осы Кодекстің 58 және 60-баптарына сәйкес қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен қатаңдығы төменірек жаза тағайындау үшін негіз осы Кодекстің 55-бабында белгіленеді.

3. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

53-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар

1. Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

- а) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау;
 - б) айыпкердің кәмелетке толмауы;
 - в) жүктілік;
 - г) айыпкердің жас балалары болуы;
 - д) қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету, қылмыс салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдік зиянның орнын өз еркімен толтыру, қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-әрекеттер;
 - е) жеке басындық, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашығандық себебімен қылмыс жасау;
 - ж) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыс жасау;
 - з) қажетті қорғанудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік қылмыс жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында, жедел-іздік іс-шараларын жүзеге асыру кезінде қылмыс жасау;
 - и) қылмыс жасау үшін түрткі болып табылған жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылығы;
 - к) шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделмеген мән-жайлар да жаза қолдану кезінде жеңілдетуші ретінде ескерілуі мүмкін.

3. Егер жеңілдететін мән-жай осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көзделген болса, ол өзінен-өзі жаза тағайындау кезінде қайталап ескеріле алмайды.

4. Осы баптың бірінші бөлігінің д) және к) тармақтарында көзделген жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, жаза мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасаған кезде - жартысынан, ауыр қылмыс жасаған кезде - үштен екісінен, аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен аспауға тиіс.

5. Егер осы Кодекстің Ерекше бөлімінің адамды кінәлі деп тануға негіз болған бабының санкциясында, осы баптың бірінші бөлігінің д) тармағында көзделген жеңілдететін мән-жайлар болған кезде, жазаның әрқилы (балама) түрлері көзделсе, кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

5-1. Егер осы Кодекстің 7-тарауында көзделген, сол бойынша адам кінәлі деп танылған баптың санкциясында жазаның әрқилы (балама) түрлері көзделсе, азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке қылмыспен келтірілген мүліктік залал толық көлемде өз еркімен өтелген кезде бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Осы бөліктің ережелері осы Кодекстің 192-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 193-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 226-бабында, 226-1-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасаған адамдарға қолданылмайды.

6. Сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібі қолданылған істер бойынша, жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауға тиіс.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.07.17 N 187-IV,

2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

54-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар

1. Мыналар қылмыстық-жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

- а) қылмыстарды әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы;
- б) қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру;
- в) адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың), террористік топтың құрамында қылмыс жасау;
- г) қылмыс жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;
- д) айыпкер үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту;
- е) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-әрекеті үшін кектенушіліктен, сондай-ақ басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыс жасау;
- ж) жүктілік жағдайы айыпкер үшін алдын ала белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не айыпкерге тәуелді адамға қатысты қылмыс жасау;
- з) белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеуіне байланысты оған немесе оның туыстарына қатысты қылмыс жасау;
- и) аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыс жасау;
- к) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш немесе оларды бейнелеуші құрылғылар, арнайы дайындаған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық дәрі-дәрмектер пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпы қауіпті әдіс қолданып қылмыс жасау;
- л) төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларын пайдаланып, сондай-ақ жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыс жасау;
- м) алкогольдік, есірткілік немесе уытқылық еліту жағдайында қылмыс жасау. Сот қылмыстың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлатушы деп танымауға құқылы;
- н) адамның өзі қабылдаған антын немесе кәсіби антын бұза отырып қылмыс жасау;
- о) қылмыскердің қызметі жағдайына немесе шартқа байланысты өзіне көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыс жасау;
- п) өкімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау;
- р) құқық қорғау органы қызметкерінің, судьяның өз қызмет жағдайын пайдаланып қылмыс жасауы.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жай осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көрсетілген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайталап ескерілмеуі керек.

3. Жаза тағайындау кезінде сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлатушы мән-жайлар деп тани алмайды.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

55-бап. Белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдану

1. Әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, айыпкердің рөліне, оның қылмыс жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және әрекеттің қоғамдық қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ топтық қылмысқа қатысушы топ жасаған қылмыстарды ашуға белсене жәрдемдескен кезде жаза осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін, не сот жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.

2. Жазаны жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, сондай мән-жайлар жиынтығы да ерекше мән-жай деп танылуы мүмкін.

56-бап. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау

1. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде соның себебінен қылмыс ақырына дейін жетпеген мән-жай ескеріледі.

2. Қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінде аяқталған қылмыс үшін тиісті бапта көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы керек.

3. Қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті бапта ерекше қылмыс үшін көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінен ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен аспауы керек.

4. Қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

57-бап. Қатысып жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау

1. Қатысып жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыс мақсатына жету жөніндегі мәні, оның келтірілген немесе келтіруі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпал ескеріледі.

2. Қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар тек сол қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі.

58-бап. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау

1. Қылмыстардың жиынтығы кезінде сот әрбір қылмыс үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, түпкілікті жазаны жеңілірек, қатаң жазаны ауырырақ қатаң жазаға сіңіру жолымен немесе тағайындалған жазаларды толық немесе ішінара қосу жолымен белгілейді.

2. Егер қылмыстар жиынтығында тек ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар қамтылса, онда түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен тағайындалады.

3. Егер қылмыстардың жиынтығында ауыр немесе аса ауыр қылмыс қамтылса, түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен не жазаларды ішінара немесе толық қосу жолымен тағайындалады. Бұл орайда бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жаза жиырма жылдан аспауы керек.

4. Егер қылмыстардың жиынтығында осы Кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы не өмір бойы бас бостандығынан айыру көзделген, ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс қамтылатын болса, түпкілікті жазалау ішінара немесе толық қосылып тағайындалады. Бұл орайда бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазалау жиырма бес жылдан аспауға тиіс. Егер қылмыстардың жиынтығына кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалатын болса, онда түпкілікті жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе тиісінше өлім жазасы түрінде тағайындалады.

5. Қылмыстар жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі жазаға жиынтықты құрайтын қылмыстар

үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкін. Жекелеп немесе толық қосылған жағдайда түпкілікті қосымша жаза осы Кодекстің Жалпы бөлімінің сол жазалау түрі үшін белгіленген ең жоғары мерзімінен немесе мөлшерінен аспауы керек.

6. Егер сотталған адамның ісі бойынша сот үкім шығарғаннан кейін оның бірінші іс бойынша үкім шығарылғанға дейін жасаған басқа бір қылмысқа айыпты екені анықталса, жаза нақ сол ережелермен тағайындалады. Бұл жағдайда соттың бірінші үкімі бойынша өтелген жаза түпкілікті

жазалау мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

59-бап. Қылмыстардың қайталануы жағдайында жаза тағайындау

1. Қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы және аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

2. Қылмыстардың қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің үштен бірінен төмен, ал қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында - үштен екісінен төмен, ал қылмыстардың аса қауіпті қайталануы жағдайында - төрттен үшінен төмен болмауы керек.

3. Осы Кодекстің 55-бабында көзделген ерекше мән-жайлар болған кезде қылмыстың қайталануы, қауіпті қайталануы немесе аса қауіпті қайталануы кезінде жаза осы баптың екінші бөлігінде көзделген ережелерді ескермей тағайындалады.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2007.01.08 N 210, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

60-бап. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау

1. Егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыс жасаса, сот соңғы үкім бойынша сот тағайындаған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады.

2. Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза, егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаса, осы Кодекстің Жалпы бөліміндегі осы жазалау түрі үшін көзделген жазалардың ең жоғары мерзімінен немесе мөлшерінен аспауы керек.

3. Үкімдердің жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жаза жиырма бес жылдан аспауы керек. Егер адам үкімдердің жиынтығында осы Кодекстің 58-бабының төртінші бөлігінде аталған қылмыстардың біреуін болса да жасаған деп танылған үкім қамтылатын болса, бас бостандығынан айыру түріндегі үкімдер жиынтығы бойынша түпкілікті жаза отыз жылдан аспауы керек.

4. Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза қайта жасалған қылмыс үшін тағайындалған жазадан да, соттың оның алдындағы үкімі бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуы тиіс.

5. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде жазалардың қосымша түрлерін қосу осы Кодекстің 58-бабында көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

61-бап. Мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі

1. Қылмыстардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде бас бостандығынан айырудың бір күніне:

- а) абақтыда ұстаудың бір күні;
- б) бас бостандығын шектеудің екі күні;
- в) түзеу жұмыстарының немесе әскери қызмет бойынша шектеудің үш күні;
- г) қоғамдық жұмыстарға тартудың төрт сағаты сәйкес келеді.

2. Айыппұл салу белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық

дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру, сондай-ақ мүлікті тәркілеу оларды бас бостандығын шектеумен, түзеу жұмыстарымен, бас бостандығынан айырумен қосқан кезде дербес орындалады.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

62-бап. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу

1. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырудың, түзеу жұмыстарының, әскери қызмет бойынша шектеудің, бас бостандығын шектеудің, абақтыда ұстаудың, бас бостандығынан айырудың мерзімі айлармен және жылдармен, ал қоғамдық жұмыстарға тартудың мерзімі сағатпен есептеледі.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жазаларды ауыстыру немесе қосу кезінде, сондай-ақ жазаны есепке алу кезінде мерзім күндермен есептелуі мүмкін.

3. Үкім заңды күшіне енгенге дейін қамауда ұстау бас бостандығынан айыру, абақтыда ұстау түріндегі жаза мерзімінің бір күніне бір күн есебімен, бас бостандығын шектеу түрінде ұстауға - екі күнге бір күн, түзеу жұмыстары мен әскери қызмет бойынша шектеуге - үш күнге бір күн, ал қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау мерзіміне - қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты қамауға ұсталған бір күн есебімен есептеледі.

3-1. Үкім заңды күшіне енгенге дейін үйде қамауда ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, абақтыда ұстау түріндегі жаза мерзімінің бір күніне екі күн, бас бостандығын шектеу түрінде ұстауға - бір күнге бір күн, түзеу жұмыстары мен әскери қызмет бойынша шектеуге - екі күнге бір күн, ал қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалау мерзіміне - қоғамдық жұмыстардың екі сағаты үйде қамауда ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.

4. Сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адамды қамауда ұстау уақыты мен Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жасалған қылмыс үшін сот үкімімен тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу уақыты адам осы Кодекстің 8-бабының негізінде ұстап берілген жағдайда бір күнге бір күн есебімен есептеледі.

5. Сот қарағанға дейін қамауда ұсталған сотталушы адамға айыппұл, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде сот қамауда ұсталған мерзімді ескере отырып, тағайындалған жазаны жеңілдетеді немесе оны осы жазаны өтеуден толық босатады.

6. Қылмыс жасалғаннан кейін психикалық аурумен науқастанған адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған уақыт жаза мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2004.12.09 N 10, 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

63-бап. Шартты түрде соттау

1. Егер түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындағанда сот сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген қорытындыға келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады.

2. Шартты түрде соттау қолданылған жағдайда сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, айыптының жеке басын, соның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді.

3. Шартты түрде соттау тағайындалған кезде сот сотталған адам мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеуге тиіс сынақ мерзімін белгілейді. Сынақ мерзімі бір жылдан үш жылға дейінгі, ал кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі ұзақтықта тағайындалады.

Шартты түрде сотталғандағы сынақ мерзімі кезеңінде ауыр емес немесе орташа ауыр қылмысты қайталап жасаған кезде де кәмелетке толмағандарға шартты түрде соттау қолданылуы мүмкін.

4. Шартты түрде соттау кезінде шектеулердің және жазаның мүлкті тәркілеуден басқа қосымша түрлері қолданылуы мүмкін.

4-1. Шартты түрде соттау кезінде кәмелетке толмаған балаға осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары тағайындалуы мүмкін.

5. Күші жойылды - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

5-1. Сот шартты түрде соттауды тағайындағанда пробацялық бақылауды белгілейді және сотталған адамға белгілі бір міндеттерді орындауды: шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған мемлекеттік органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орнын өзгертпеуді, белгілі бір орындарға бармауды, маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, венерологиялық аурудан немесе АИТВ/ЖИТС-тен емделу курсынан өтуді, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктейді. Сот шартты түрде сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін өзге де міндеттерді жүктей алады.

6. Шартты түрде сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды оған уәкілдік берілген мамандандырылған мемлекеттік орган, ал әскери қызметшілер жөнінде әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиесі жүзеге асырады.

7. Күші жойылды - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

8. Қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті түрде қайталануы кезінде не адамды ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2007.01.08 N 210, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

64-бап. Шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзарту

1. Егер шартты түрде сотталушы сынақ мерзімі өткенге дейін өзінің түзелгенін дәлелдесе, шартты түрде сотталушының мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сот шартты түрде сотталудың күшін жою және сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы қаулы ете алады. Бұл орайда шартты түрде сотталудың белгіленген сынақ мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң күші жойылуы мүмкін.

2. Егер шартты түрде сотталған адам өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдаса (бүлдірсе), сондай-ақ дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген, шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын органның рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда, сондай-ақ сотталған адамға сот жүктеген міндеттерді орындамаған жағдайда, сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынымы бойынша сынақ мерзімін ұзартып, күшейтілген, бірақ бір жылдан аспайтын пробацялық бақылау белгілей алады.

3. Шартты түрде сотталған адам осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген құқық бұзушылықтарды сынақ мерзімі ішінде қайталап жасаған, сондай-ақ заңды талапқа бағынбаған, сол сияқты шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасаймын деп қорқытқан жағдайда не егер шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынса, сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынымы бойынша шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы шығарады.

4. Шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде абайсызда қылмыс жасаған не ауыр емес қасақана қылмыс, ал шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адам ауыр емес, орташа ауыр қылмыс жасаған жағдайда шартты түрде соттаудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындалған кезде шешеді.

5. Шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде – орташа ауыр қасақана қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс, ал кәмелетке толмаған адам ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда сот шартты түрде сотталудың күшін жойып, оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бөлім

Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату

65-бап. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе, немесе

қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам, егер ол ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмыстарға басқа да қатысушыларды әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдесе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы

көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-бап. Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату

Қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан, сондай-ақ тұтқиылдан шабуылдау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамды сот істің мән-жайын ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

67-бап. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады.

2. Орташа ауыр қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және жәбірленушіге, арыз берушіге келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

3. Адамның қайтыс болуымен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған баланы, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

4. Қылмыс қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірген жағдайларда осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам шын ниетпен өкінсе және қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянның орнын толтырған болса, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Ескерту. 67-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.21. N 363 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

68-бап. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның содан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

69-бап. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Егер қылмыс жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

- а) кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;
- б) орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;
- в) ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл;
- г) аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл.

2. Ескіру мерзімі қылмыс жасаған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі.

3. Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап жаңартылады. Бұл орайда, егер қылмыс жасаған уақыттан бері ескіру мерзімі тоқтатылмаса және мынадай мерзімдер:

- а) кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін он жыл;
- б) орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл;
- в) ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл;

г) аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма бес жыл өтсе, адам қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс.

4. Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде аталған мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімі тоқтатылады. Мұндай реттерде ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасаған күннен қайта басталады. Ескіру мерзімі өткенге дейін адам тағы да қылмыс жасаған өзге реттерде әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі дербес өтеді.

5. Осы Кодекс бойынша өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмысты жасаған адамға талап қою мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот талап қою мерзімінің бітуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

6. Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды.

Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.08 N 210, 2009.07.10 N 175-IV, 2010.04.08 № 266-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-бап. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату

1. Түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген және сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін адамды сот құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке (оқуға) адал қарағаны, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмысымен келтірген залалын өтеу жөнінде шаралар қолданғаны үшін сот тағайындаған жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін. Бұл орайда ол адам қосымша жаза түрін өтеуден толық немесе ішінара

босатылуы мүмкін.

2. Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға жазасының өтелмеген қалған бөлігі ішінде тізбесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 178-2-бабында белгіленетін міндеттер жүктеледі.

3. Жазадан шартты түрде-мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

а) кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін;

г) осы Кодекстің 120-бабы үшінші бөлігінің в), д) тармақтарында, төртінші бөлігінде, 121-бабы үшінші бөлігінің в), г) тармақтарында, төртінші бөлігінде көзделген қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін;

д) ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

5. Сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін.

6. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқына бақылау жасауды босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша - ішкі істер органдары, ал әскери қызметшілер жөнінде - әскери бөлімдер мен мекемелердің командованияесі жүзеге асырады.

7. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

а) бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе өзіне Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 178-2-бабымен жүктелген және сот жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде сот осы баптың алтыншы бөлігінде аталған органдардың ұсынуы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы ете алады;

б) қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді;

в) қылмыс қасақана жасалса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

8. Өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған, жазасын өтеу кезеңінде қасақана қылмыс жасаған, террористік қылмыстар үшін сотталған адамға, сондай-ақ бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылмайды.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2007.03.26 N 240, 2009.07.10 N 177-IV, 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру

1. Кішігірім, орташа ауыр және ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамға сот оның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын ескере отырып, жазаның өтелмей қалған бөлігін оның жеңіл түрімен ауыстыра алады. Бұл ретте, осы Кодекстің 122-бабының екінші, үшінші бөліктерінде, 124-бабының екінші, үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстарды қоспағанда, адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылмайды.

3. Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот осы Кодекстің 39-бабында аталған жаза түрлеріне сәйкес, осы Кодексте әрбір жаза түрі үшін көзделген шекте жазаның кез келген неғұрлым жеңіл түрін таңдап алуы мүмкін.

4. Террористік қылмыстар үшін сотталған адамдарға жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайды.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

72-бап. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас балалары бар сотталған әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан асырмай кейінге қалдыруы мүмкін. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде аталған сотталған адам баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған адамды бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталған адамды сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады.

3. Жазаны өтеуін кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған адамның мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден

босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған адамды жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Егер сотталған адам жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған осы Кодекстің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2007.03.26 N 240, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.10 N 228-IV

(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

73-бап. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату

1. Қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылу пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жүрген адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

2. Жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатуы мүмкін немесе бұл жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін. Бұл орайда жасалған қылмыстың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы, науқасының сипаты және басқа мән-жайлар ескеріледі.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар, егер осы Кодекстің 69 және 75-баптарында көзделген ескіру мерзімі өтпеген болса, олар сауыққан жағдайда қылмыстық жауапқа тартылып жазалануы мүмкін.

4. Абақтыда ұстауға сотталған әскери қызметшілер өздерін әскери қызметке жарамсыз ететін науқастануы жағдайында жазадан немесе жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Оларға жазаның өтелмеген бөлігі де неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

74-бап. Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру

1. Кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамды, егер жазаны өтеу өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатуы мүмкін.

2. Террористік қылмыстар үшін сотталған адамдарды қоспағанда, ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот осы баптың бірінші бөлігінде аталған негіздер болған жағдайда үш айға дейін мерзімге кейінге қалдыра алады.

Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

75-бап. Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату

1. Қылмысы үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күнінен бастап есептегенде, мынадай мерзімдерде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады:

- а) кішігірім ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда - үш жыл;
- б) орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда - алты жыл;
- в) ауыр қылмысы үшін сотталғанда - он жыл;
- г) аса ауыр қылмысы үшін сотталғанда - он бес жыл.

2. Егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адам ұсталған немесе айыбын мойындап келген кезден басталады. Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы кезіне қарай өткен ескіру мерзімі

есептелуге тиіс. Бұл орайда айыптау үкімі егер, оның шығарылған уақытынан бастап жиырма бес жыл өтсе және ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасау арқылы үзілмеген болса, орындалмауы керек.

3. Егер адам осы баптың бірінші бөлігінде аталған мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімі үзіледі. Мұндай жағдайда ескіру мерзімінің өтуі жаңадан қылмыс жасаған күннен бастап қайта есептеледі.

4. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойы бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне, экономикалық қызмет саласында, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды.

Ескерту. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

76-бап. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату

1. Рақымшылық жасау туралы актіні адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде Қазақстан Республикасының Парламенті шығарады.

2. Қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін, не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін.

Ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.

3. Белгілі бір жеке адамға ол жөнінде айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, сол сияқты шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп отырған не өтеген адамға кешірім жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Президенті шығарады.

4. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы, не мұндай адам жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамнан кешірім жасау актісімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін.

Ескерту. 76-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.08 N 210, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

77-бап. Соттылық

1. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап соттылықты жою немесе алып тастау кезіне дейін сотты болған деп есептеледі. Осы Кодекске сәйкес соттылық қылмыстың қайталануын айқындау кезінде және жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

2. Жазадан босатылған адам соттылығы жоқ деп танылады.

3. Соттылық:

а) шартты түрде сотталған адамдар жөнінде - сынақ мерзімі өтуі бойынша;

б) әскери қызмет бойынша шектеу немесе абақтыда ұстау түрінде жазасын өтеген әскери қызметшілер жөнінде - іс жүзінде жазаны өтеу бойынша;

в) бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның неғұрлым жеңіл түріне сотталған адамдар жөнінде - жазаны өтегеннен кейін бір жыл өтуі бойынша;

г) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде - жазаны өтегеннен кейін үш жыл өтуі бойынша;

д) ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде - жазаны өтегеннен кейін алты жыл өтуі бойынша;

е) аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде - жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өтуі бойынша жойылады.

4. Егер сотталған адам заңда белгіленген тәртіппен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылса немесе жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылса, онда соттылықты жою мерзімі жазаның нақты өтелген мерзімін негізге ала отырып, негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеуден босатылған кезден бастап есептеледі.

4-1. Егер соттың үкімі бойынша адамға негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, онда соттылықтың жойылу мерзімі негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеу кезінен бастап есептеледі.

4-2. Адам әртүрлі ауырлық дәрежесіне жататын қылмыстар үшін қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша сотталған кезде соттылық әрбір қылмыс үшін жеке жойылады, бұл ретте жойылу мерзімі қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жазаны өтеу кезінен бастап есептеледі.

5. Егер сотталған адам жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстаса, сот оның өтініші бойынша соттылықты жою мерзімі өткенге дейін одан соттылықты алып тастай алады.

Бұл норма ауыр немесе аса ауыр қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындалған адамдарға қолданылмайды.

6. Егер сотталған адам соттылықты жою мерзімі өткенге дейін тағы да қылмыс жасаса, соттылықты жою мерзімі тоқтатылады. Бірінші қылмыс бойынша соттылықты жою мерзімі соңғы қылмысы үшін негізгі және қосымша жазаны іс жүзінде өтегеннен кейін қайта есептеледі. Бұл жағдайда адам екі қылмыстың ең ауыры үшін соттылық мерзімі өткенге дейін олар үшін сотталған деп есептеледі.

7. Соттылықты жою немесе алу соттылыққа байланысты барлық құқықтық зардаптардың күшін жояды.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.08 N 210, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.10 № 227-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бөлім

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

78-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

79-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері

1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- а) айыппұл;
- б) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- в) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- г) түзеу жұмыстары;
- г-1) бас бостандығын шектеу;
- д) **(алынып тасталды)**
- е) бас бостандығынан айыру болып табылады.

2. Айыппұл кәмелетке толмай сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл оннан бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде тағайындалады.

3. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

4. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмысты орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында атқарады. Он алты жасқа толмаған адамдардың бұл жаза түрін орындауының ұзақтығы күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

5. Түзеу жұмыстары сот үкім шығарған кезде он алты жасқа жеткен кәмелетке толмаған адамдарға бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

5-1. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

6. **(алынып тасталды)**

7. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін - он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған немесе орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

8. Кәмелетке толмай сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

- а) бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар - жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;
- б) бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар -

күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді.

9. Қоғамдық қауіптілік сипатына және дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және басқа да мән-жайларға қарай сот қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмай сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін.

10. Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмай сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2002.12.21 N 363 , 2004.12.09

№ 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

80-бап. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау

1. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде осы Кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі.

2. Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі.

81-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1. Кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған немесе бірінші рет орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот оны қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге осы Кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізуге болады деп танылса, сот оны жазадан босатуы мүмкін.

3. Адамның қайтыс болуымен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған баланы сот осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

82-бап. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары

1. Сот кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсері бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:

- а) ескерту;
- б) ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- в) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- г) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу;
- д) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;
- е) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу.

2. Кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде тәрбиелік әсері бар бірнеше тәрбиелеу шаралары тағайындалуы мүмкін.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

83-бап. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны және оларды қолдану мерзімдері

Ескерту. 83-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды түсіндіруден және осы Кодексте көзделген қылмыстарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады.

2. Қадағалауға беру ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсер ету және оның мінез-құлқын бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады.

3. Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайын және оның тиісті еңбек дағдысы болуын есепке ала отырып жүктеледі.

4. Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу, белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құрамын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеуді көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау, не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін. Осы тізбе толық болып табылмайды.

5. Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыруды сот орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмысты қасақана жасаған кәмелетке толмаған адамға тағайындауы мүмкін. Аталған ұйымдарда болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ түзетуді қамтамасыз етуші мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі бұл шараны қолдануды қажет етпейді деген тұжырымға келсе, мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзім біткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғанға дейінгісінен аспауы керек.

7. Кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуының тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

8. Кәмелетке толмаған бала келтірген зияны үшін жәбірленушіден өзі кешірім сұрайды.

9. Осы Кодекстің 82-бабы бірінші бөлігінің б) және г) тармақтарында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімі кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған кезде ұзақтығы – алты айдан бір жылға дейін, орташа ауыр қылмыс жасаған кезде – бір жылдан екі жылға дейін және ауыр қылмыс жасаған кезде екі жылдан үш жылға дейін белгіленеді.

10. Кәмелетке толмаған бала тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын жүйелі түрде орындамаған жағдайда, егер осы Кодекстің 69-бабының 1-бөлігінде белгіленген ескіру мерзімі өтпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынысы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған баланы қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

84-бап. Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасап бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзету жұмыстарына сотталған адамдарға:

а) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің

кемінде төрттен бірін;

б) ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның кемінде үштен бірін; <*>

в) адам өміріне қол сұғумен ұштаспаған аса ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

г) адам өміріне қол сұғумен ұштасқан аса ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның

кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 84-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

85-бап. Ескіру мерзімі

Осы Кодекстің 69 және 75-баптарында көзделген ескіру мерзімі кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан немесе оның жазасын өтеуінен босату кезінде тең жартысына қысқартылады.

86-бап. Соттылықты жою мерзімдері

Он сегіз жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдар үшін осы Кодекстің 77-бабында көзделген соттылықты жою мерзімдері қысқартылады және тиісінше:

- а) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін өтегеннен кейін төрт айға;
- б) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін бір жылға;
- в) ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін үш жылға тең болады.

87-бап. Осы бөлімнің ережелерін он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы адамдарға қолдану

Ескерту. 87-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот ерекше жағдайларда, оларға ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды қоспағанда, осы бөлімнің ережелерін қолдана алады.

Ескерту. 87-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бөлім

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

88-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері

1. Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын:
 - а) есі дұрыс емес жағдайда осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі баптарда көзделген әрекеттерді жасаған;
 - б) қылмыс жасағаннан кейін психикасы жазаны тағайындау немесе орындау мүмкін емес болып бұзылған;
 - в) қылмыс жасаған және есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін;
 - г) қылмыс жасаған және алкоголизмнен немесе нашақорлықтан не уытқұмарлықтан емдеуге мұқтаж

деп танылған адамдарға тағайындауы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары психикасының бұзылуы бұл адамдардың өзге елеулі зиян келтіру мүмкіндігіне не өзіне немесе басқа адамдарға қауіп төндіруіне байланысты жағдайларда ғана тағайындалады.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындаудың тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқарушылық кодексімен және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасымен белгіленеді.
P950514

4. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған және өзінің психикалық жағдайы бойынша қауіп келтірмейтін адамдар жөнінде сот бұл адамдарды емдеу немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен психиатриялық-неврологиялық ұйымдарға жіберу

туралы мәселені шешу үшін денсаулық сақтау органдарына қажетті материалдар жібере алады.

Ескерту. 88-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

89-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсаттары

Осы Кодекстің 88-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдарды емдеу немесе олардың психикалық жағдайын жақсарту, сондай-ақ олардың осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі баптарда көзделген жаңа әрекеттерді жасауын болғызбау медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың мақсаттары болып табылады.

90-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері

1. Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының:

- а) емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емделу;
- б) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- в) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- г) интенсивті қадағаланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу түрлерін тағайындауы мүмкін.

2. Есі дұрыс күйінде жасалған қылмысы үшін сотталған, бірақ алкоголизмнен, нашақорлықтан (уытқұмарлықтан) емдеуді не психикасының есі дұрыстығын жоққа шығармайтындай бұзылуынан емдеуді қажет ететін адамдарға сот жазамен бірге емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

91-бап. Емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу

Егер адам өзінің психикалық жай-күйі бойынша психиатриялық стационарға орналастырып емдеуді қажет етпесе, осы Кодекстің 88-бабында көзделген негіздер болған жағдайда емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу тағайындалуы мүмкін.

92-бап. Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу

1. Егер адамның психикасының бұзылу сипаты тек психиатриялық стационарда ғана жүзеге асырыла алатын емдеудің, күтудің, ұстаудың және қадағалаудың шарттарын талап ететін болса, осы Кодекстің 88-бабында көзделген негіздер болған жағдайда психиатриялық стационарда осындай мәжбүрлеп емдеу тағайындалуы мүмкін.

2. Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамдық қауіпті әрекетінің сипаты бойынша стационарлық емдеу мен қадағалауды қажет ететін, бірақ интенсивті қадағалауды қажет етпейтін адамға тағайындалуы мүмкін.

3. Мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамдық қауіпті әрекетінің сипаты бойынша тұрақты қадағалауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін.

4. Интенсивті қадағалайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп

емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамдық қауіпті әрекетінің сипаты бойынша өзіне немесе басқа адамдарға айрықша қауіпті болған тұрақты және интенсивті қадағалауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін.

93-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзартуды, өзгертуді және тоқтатуды психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот белгілейді.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы белгіленген адам сотқа осындай шараны тоқтату туралы немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар екені жөніндегі мәселені шешу үшін кемінде алты айда бір рет психиатр-дәрігерлер комиссиясында куәландырылып отыруға тиіс. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату немесе өзгерту үшін негіздер болмаған кезде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеменің әкімшілігі мәжбүрлеп емдеуді ұзарту үшін сотқа қорытынды береді. Мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін, мәжбүрлеп емдеуді одан кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын өзгертуді немесе тоқтатуды адамның психикалық жай-күйі өзгеріп, бұрын тағайындалған шараны қолдану қажет болмай қалған немесе медициналық сипаттағы өзге мәжбүрлеу шарасын тағайындау қажет болған жағдайда сот жүзеге асырады.

4. Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді қолдану тоқтатылған жағдайда сот мәжбүрлеп емдеуде болған адам жөнінде қажетті материалдарды оны емдеу немесе психиатриялық-неврологиялық ұйымға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына беруі мүмкін.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

94-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау

1. Қылмыс жасағаннан кейін немесе жазасын өтеу кезінде өз іс-әрекеті үшін өзіне есеп беру немесе оларға ие болу мүмкіндігінен айыратын психикалық аурумен науқастанған адамға, егер ескіру мерзімі өтпесе немесе оны қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға негіз болмаса, ол сауыққаннан кейін сот жаза қолдана алады.

2. Психикасы қылмыс жасағаннан кейін бұзылған адам емделген жағдайда жаза тағайындау немесе оны жаңарту кезінде адамға психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қолданылған уақыт психиатриялық стационарда болған бір күні бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен жазалау мерзіміне есептеледі.

95-бап. Жазаны орындауға қосылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

1. Осы Кодекстің 88-бабының бірінші бөлігінің в) тармағында көзделген жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы - бас бостандығынан айыру орнында, ал сотталған адам жөніндегі өзге де жаза түрлері амбулаториялық-психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.

1-1. Осы Кодекстің 88-бабының бірінші бөлігінің г) тармағында көзделген жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары - бас бостандығынан айыру орнында, ал өзге жазалау түрлеріне сотталғандарға қатысты денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.

2. Сотталған адамның стационарлық емдеуді талап ететін психиатриялық жай-күйі өзгерген

кезде сотталған адамды психиатриялық стационарға немесе өзге де емдеу мекемесіне орналастыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңдарында көзделген тәртіп пен негіздер бойынша жүргізіледі.

3. Аталған мекемелерде болған уақыт жазаны өтеу мерзіміне есептеледі. Сотталған адамның аталған мекемелерде одан әрі емделуі қажет болмай қалған кезде көшірме Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңдарында көзделген тәртіп бойынша жасалады.

4. Жазаны орындауға қосылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасының қолдануын тоқтатуды жазаны орындаушы органның ұсынуы бойынша психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде

сот жүргізеді.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

1-тарау. Жеке адамға қарсы қылмыс

96-бап. Адам өлтіру

1. Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру - алты жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
2. Кісі өлтіру:
 - а) екі немесе одан көп адамдарды;
 - б) осы адамның қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарын;
 - в) дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен ұштасқан;
 - г) жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді;
 - д) аса қатыгездікпен жасалған;
 - е) көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған;
 - ж) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жүзеге асырған;
 - з) пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен не бандитизммен ұштасқан;
 - и) бұзақылық ниетпен;
 - к) басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан;
 - л) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек себебі бойынша;
 - м) жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен жасалған;
 - н) бірнеше рет жасалған адам өлтіру;
 - о) көрінеу кәмелетке толмаған баланы өлтіру - мүлкін тәркілеу арқылы немесе онсыз он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкін тәркілеу арқылы немесе онсыз өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.07.10 N 175-IV, 2009.12.10 N 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

97-бап. Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі

Анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын бұзатын жағдайда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылуы жағдайында өлтіруі -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

98-бап. Жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру

1. Жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан не өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) болған кенет пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында, сонымен бірдей жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жай-күйде адам өлтіру -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған мән-жайлар кезінде жасалған екі немесе одан да көп адамды өлтіру -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 98-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

99-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

100-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру -

үш жылға дейін мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

101-бап. Абайсызда кісі өлтіру

1. Абайсызда кісі өлтіру -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда екі немесе одан көп адамды өлтіру -

бес жылға дейін мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

102-бап. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу

1. Адамды өзін-өзі өлтіруге жеткізу немесе жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адамдық қасиетін ұдайы қорлау жолымен өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Кінәлі адамға материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамға қатысты жасалған дәл сол

әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

103-бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

1. Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан немесе кінәліге мәлім кәсіби еңбек қабілетін немесе түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

- а) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- б) адамның қызметтік жұмысын немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауға байланысты оған немесе оның жақындарына қатысты;
- в) кінәліге дәрменсіз күйде екені белгілі, сонымен бірдей адамды ұрлауға немесе кепілге алуға ұштасқан адамға қатысты;
- г) аса қатыгездікпен;
- д) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;
- е) жалдау бойынша;
- ж) бұзақылық ниетпен;
- з) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық тұрғысында;
- и) жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатында;
- к) бірнеше рет жасалса;
- л) көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты жасалса - төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан әрекеттер -

бес жылдан он жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.103-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

104-бап. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру

1. Адамның өміріне қауіпті емес және осы Кодекстің 103-бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ денсаулықты ұзақ уақытқа бұзылуға немесе жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

- а) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- б) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруға не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауға

байланысты оған немесе оның жақындарына қатысты;

- в) аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәліге дәрменсіз күйде екені белгілі адамға қатысты;
- г) ұйымдасқан топпен;
- д) бұзақылық ниетпен;
- е) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни жеккөру немесе араздық тұрғысында;
- ж) бірнеше рет жасалса;
- з) көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты жасалса -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 104-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01

бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

105-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру

Ескерту. 105-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

106-бап. <*>

Ескерту. 106-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен.

107-бап. Азаптау

1. Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шегу, егер бұл осы Кодекстің 103 және 104-баптарында көзделген зардаптарға әкеп соқпаса, -

елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

а) көрінеу кәмелетке толмаған немесе кінәліге дәрменсіз күйде екендігі белгілі не кінәліге материалдық немесе өзге тәуелділіктегі адамға, сол сияқты ұрланған не кепіл ретінде қолға түсірген адамға қатысты;

б) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

в) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі белгілі әйелге қатысты;

г) азаптап;

д) жалдау бойынша;

е) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық тұрғысында жасалған әрекет, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

108-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру

Жәбірленушінің тарапынан болған зорлықтан, қорлаудан немесе ауыр тіл тигізуден не жәбірленушінің өзге де құқыққа қарсы немесе моральға жат әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық зақым келтіретін жағдайдан болған қатты жан күйзелісінің (аффект) кенеттен туындауы жағдайында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл төлеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 108-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

109-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру

Денсаулыққа қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған қасақана ауыр зиян келтіру, - бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

110-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолдану кезінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру - екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

111-бап. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру

1. Денсаулыққа абайсызда ауыр зиян келтіру, - жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру, - төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. (алып тасталған)

4. Абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіру,

- елу айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 111-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

112-бап. Қорқыту

Өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту, бұл қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздерінің бар екендігі кезінде, -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 112-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

113-бап. Адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу

1. Ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу, сол сияқты адамның органдары мен тініне қатысты заңсыз мәмілелер жасау - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

- а) кінәліге дәрменсіз күйде екендігі көрінеу белгілі адамға қатысты;
- б) кәмелетке көрінеу толмаған адамға қатысты;
- в) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- г) адамдар тобымен, алдын ала сөз байласуы бойынша адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен;
- д) бірнеше рет;
- е) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- ж) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- з) алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен;
- и) өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып;
- к) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жасалғанда, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 113-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 N 131 Заңымен.

114-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл әрекет адам денсаулығына орташа ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, -

айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқтырған нақ сол әрекеттер, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекет, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, адам өліміне әкеп соқтырған әрекеттер, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 114-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

114-1-бап. Клиникалық зерттеулер жүргізудің және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолданудың тәртібін бұзу

1. Медицина қызметкерінің клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзуы, -

айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 114-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.16 N 186-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

115-бап. Соз ауруын жұқтыру

Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның ауыр зардаптарға әкеп соқтырған осындай ауруды басқа адамға жұқтыруы, сондай-ақ екі немесе одан да көп адамға не көрінеу кәмететке толмаған адамға жұқтыруы, -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 115-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

116-бап. Адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыруы

1. Басқа адамды көрінеу ВИЧ/ЖҚТБ-ны жұқтыру қаупінде қалдыру, - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Өзінде ВИЧ/ЖҚТБ бар екендігі туралы білетін адамның оны басқа адамға жұқтыруы, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, екі немесе одан да көп адамға қатысты, не көрінеу кәмететке толмағандарға қатысты жасалған әрекет, - төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Медицина қызметкерінің, сол сияқты тұрмыстық немесе өзге халыққа қызмет көрсету ұйымы қызметкерінің өздерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауының салдарынан басқа адамға

ВИЧ/ЖҚТБ-ны жұқтыруы, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

117-бап. Заңсыз аборт жасау

1. Тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ адамның аборт жасауы, - бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.
2. Тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі бар адамның заңсыз аборт жасауы, - бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жыл мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.
3. Тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адамның аборт жасауы не тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар адамның бірнеше рет заңсыз аборт жасауы, - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
4. Абайсызда жәбірленушінің өлуіне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан заңсыз аборт жасау, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 117-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

118-бап. Науқасқа көмек көрсетпеу

1. Заңға сәйкес немесе арнайы ереже бойынша көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелді себептерсіз науқасқа көмек көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, - елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.
2. Дәл сол әрекет, егер ол абайсызда науқастың өлуіне, не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 118-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

119-бап. Қауіпті жағдайда қалдыру

1. Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне, қарттығына, науқастығына немесе өзге де дәрменсіз күйінің салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қабылдау мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдыру, кінәлі кісінің ол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған және ол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйде өзі қалдырған жағдайларда, -

елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейін мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Көмексіз қалдырған адамның абайсызда өлуіне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

120-бап. Зорлау

1. Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау – үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Зорлауды:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) өлтіремін деп қорқытумен ұштасып, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалса;

в) жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соқтырса;

г) бірнеше рет жасалса –

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

а) абайсызда жәбірленушінің қайтыс болуына әкеп соқтырса;

б) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС-ын жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырса;

в) көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты жасалса;

г) қоғамдық зілзала жағдайларын пайдалана отырып немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалса;

д) кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам кәмелетке толмаған балаға қатысты жасаса, -

сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге, ал д) тармағында көзделген жағдайларда, - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар көрінеу он төрт жасқа толмаған жәбірленушіге қатысты жасалса, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге жазаланады.

Ескерту. 120-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

121-бап. Нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері

1. Еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жасалған нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер,

үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол іс-әрекеттерді:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) өлтіремін деп қорқытумен ұштасқан, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасаса;

в) жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соқтырса;

г) бірнеше рет жасалса, -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

а) абайсызда жәбірленушінің қайтыс болуына әкеп соқтырса;

б) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС-ын жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырса;

в) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;

г) кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам кәмелетке толмаған балаға қатысты жасаса, -

сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге, ал г) тармағында көзделген жағдайларда, - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар көрінеу он төрт жасқа толмаған адамға қатысты жасалса, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 121-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

122-бап. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер

1. Көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу, еркек пен еркектің немесе әйел мен әйелдің қатынасы немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Он алты жасқа толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам осы адамға қатысты жасаған нақ сол әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, бірнеше рет жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 122-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

123-бап. Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету

Адамды бопсалау, құртамын деп қорқыту, мүлкін бұлдіру немесе тартып алу жолымен не жәбірленушінің материалдық немесе өзге тәуелділігін пайдаланып жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерді жасауға мәжбүр ету -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 123-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

124-бап. Жас балаларды азғындату

1. Көрінеу он төрт жасқа толмаған адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс-әрекеттерді жасау, -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Он төрт жасқа толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам осы адамға қатысты жасаған нақ сол әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, бірнеше рет жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз жеті жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 124-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

125-бап. Адамды ұрлау

1. Адамды ұрлау -

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) алдын ала сөз байласып адамдар тобымен;
- б) бірнеше рет;
- в) өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- д) кәмелетке толмағандығы көрінеу адамға қатысты;
- е) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу әйелге қатысты;
- ж) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

з) пайдакүнемдік ниетте жасалса -
мүлкін тәркілеп немесе онсыз жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды:

а) ұйымдасқан топ жасаса;

б) ұрланған адамды пайдалану мақсатында жасалса;

в) абайсызда жәбірленушінің өлуіне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса, -
мүлкін тәркілеп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Осы Кодекстің осы бабында және 126, 128, 133-баптарында адамды пайдалану деп, кінәлінің алынған табыстарды иеленіп алуы мақсатында мәжбүрлі еңбекті, басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін өзге де қызметтерді пайдалануы, сонымен бірдей оның өзіне

байланысты емес себептер бойынша жұмыстарды немесе қызметтерді орындаудан бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесінің өкілеттіктерін жүзеге асыруы түсініледі.

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.03.02 N 131 Заңымен.

126-бап. Бас бостандығынан заңсыз айыру

1. Адамды оны ұрлауға байланысты емес бас бостандығынан айыру - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) алдын ала сөз байласып адамдар тобымен;
- б) бірнеше рет;
- в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- г) қару немесе қару ретінде пайдаланылған заттарды қолданып;
- д) кәмелетке толмағандығы көрінеу адамға қатысты;
- е) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу анық әйелге қатысты;
- ж) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- з) пайдакүнемдік ниетте;

и) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жасалса, - мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

- а) ұйымдасқан топпен жасалса;
- б) бас бостандығынан заңсыз айрылған адамды пайдалану мақсатында жасалса;
- в) абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса - мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.03.02 N 131, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

127-бап. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру

1. Адамды психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру немесе онда заңсыз ұстау - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет, егер ол:

- а) пайдакүнемдік ниетпен жасалса;
- б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаса;
- в) абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 127-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

128-бап. Адамды саудаға салу

1. Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау -

мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

а) алдын ала сөз байласуы бойынша адамдар тобымен;
б) бірнеше рет;
в) өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы;
г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
д) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу белгілі әйелге қатысты;
е) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
ж) ауыстырып салу немесе өзгедей пайдалану үшін жәбірленушінің органдарын немесе тінін алу мақсатында;

з) алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен;

и) адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып;

к) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жасалғанда, - мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу мақсатында жасалған әрекеттер, сол сияқты осындай әрекеттерді жасау мақсатында адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу -

мүлкін тәркілеп немесе онсыз жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) ұйымдасқан топпен жасалса;

б) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

мүлкін тәркілеп, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 128-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 N 131 Заңымен.

129-бап. Жала жабу

1. Жала жабу, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында жала жабу -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 129-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

130-бап. Қорлау

1. Қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту -

жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау -

жүз айлық есептік көрсеткіштен төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 130-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар

131-бап. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту

1. Кәмелетке толмаған адамды он сегіз жасқа жеткен адамның қылмыстық іске тартуы - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне заңмен жүктелген өзге адам жасаған нақ сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалған әрекеттер -

екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға тартуға байланысты әрекеттер -

бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) қылмыстық қызметіне кәмелетке толмаған адамды тартуға байланысты әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға

жазаланады.

Ескерту. 131-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

132-бап. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту

1. Кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту - жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне жүктелген өзге де адам жасаған нақ сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген бірнеше рет не күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалған әрекеттер -

алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 132-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

132-1-бап. Кәмелетке толмаған баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту

1. Кәмелетке толмаған баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту -

үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Күш қолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқыту, тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою немесе бүлдіру не алдау жолымен кәмелетке толмаған баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту -

бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мыналар:

а) ұйымдасқан топ;

б) жезөкшелікпен айналысуға тартқаны не притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны немесе жеңгетайлық жасағаны үшін бұрын сотталған адам;

в) оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам жасаған нақ сол әрекет, -

жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 132-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

133-бап. Кәмелетке толмағандарды саудаға салу

1. Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау -

мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

а) алдын ала сөз байласуы бойынша адамдар тобымен;

б) бірнеше рет;

в) өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы;

г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;

д) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

е) ауыстырып салу немесе өзгедей пайдалану үшін жәбірленушінің органдарын немесе тінін алу мақсатында;

ж) алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен;

з) адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып;

и) кәмелетке толмаған адамды қылмыс жасауға немесе қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту мақсатында;

к) жәбірленушінің материалдық немесе өзге тәуелділігін пайдаланып жасалғанда, - мүлкін тәркілеп немесе онсыз жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу мақсатында жасалған әрекеттер, сол сияқты осындай әрекеттерді жасау мақсатында кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасу -

мүлкін тәркілеп немесе онсыз он жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) ұйымдасқан топпен жасалса;

б) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

мүлкін тәркілеп он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 133-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 N 131 Заңымен.

134-бап. Баланы ауыстыру

1. Баланы қасақана ауыстыру -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасалған дәл сол әрекет -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 134-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

135-бап. Бала асырап алу құпиясын жария ету

Бала асырап алушының еркіне қайшы қызметтік те немесе кәсіптік құпия ретінде бала асырап алу фактісін сақтауға міндетті адамның не өзге адамның пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасаған бала асырап алу құпиясын жария етуі -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. 135-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

136-бап. Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару

1. Ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Кәмелетке толған еңбекке жарамды адамның сот шешімі бойынша өзінің еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 136-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

137-бап. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау

Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты кәмелетке толмаған баланы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті педагогтің немесе оқу, тәрбие беру, емдеу немесе өзге мекеменің басқа қызметкерінің орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы, егер бұл әрекет кәмелетке толмаған балаға қатал қараумен ұштасса -

елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жыл мерзімге дейін бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 137-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

138-бап. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау

1. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қызметі бойынша өзіне осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындаушы немесе мұндай міндеттерді ерікті түрде өзіне алған адамның тиісінше орындамауы, егер бұл жас баланың денсаулығына абайсызда ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса -

бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда жас баланың өліміне әкеп соққан нақ сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 138-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

139-бап. Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану

Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты пайдакүнемдік немесе қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) балаға зиян келтіру үшін өзге арам мақсаттарға пайдалану немесе қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) баланы қасақана қадағалаусыз немесе қажетті көмексіз қалдыру қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) баланың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі нұқсан келтіруге әкеп соқса -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 139-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

140-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару

Еңбекке жарамды адамның еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) асырауға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда, -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 140-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. Адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар

141-бап. Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу

1. Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасына сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған дәл сол әрекет -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 141-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

141-1-бап. Қинау

1. Тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, немесе өзге лауазымды адамның не олардың айдап салуымен немесе үнсіз келісімімен басқа адамның, не олардың білуімен қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі, -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) адамдар тобымен немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен;
- б) бірнеше рет;
- в) денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіре отырып;

г) кінәлі адам жүкті әйелге қатысты көрінеу жасаса немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса, –

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соқса, –

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Лауазымды адамдардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап қинау деп танылмайды.

Ескерту. Кодекс 141-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

142-бап. Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу

1. Адамның жеке өмірі туралы оның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау -

төрт жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған дәл сол әрекет, осы баптың бірінші бөлігінде аталған мәліметтерді көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілетін шығармаларда немесе бұқаралық ақпарат құралдарында тарату -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға не заңсыз пайдаланатын арнаулы техникалық құралдары тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 142-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

143-бап. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу

1. Жеке тұлғалардың хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф немесе өзге хабарларының құпиясын заңсыз бұзу -

бір жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын немесе ақпаратты жасырын алуға арналған құралдарды пайдаланып жасаған нақ сол әрекет -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не заңсыз пайдаланатын арнаулы техникалық құралдары тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ақпаратты жасырын алуға арналған арнаулы техникалық құралдарды өткізу мақсатында заңсыз жасау, өндіру, өткізу немесе сатып алу -

бес жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 143-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

144-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету

1. Медициналық қызметкердің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адам бойында ВИЧ/ЖҚТБ бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 144-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

145-бап. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу

1. Тұрғын үйге онда тұратын адамның еркінен тыс басып кіру -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытумен немесе адамдар тобы жасаған, немесе түнгі уақытта, немесе заңсыз тінтуге ұласа жасалған әрекет, сол сияқты тұрғын үйден заңсыз шығарып тастау -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекеттер -

сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 145-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

146-бап. Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау

1. Сайлаушының өзінің сайлау құқығын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау, сондай-ақ сайлау комиссияларының немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты міндеттерін атқаруына кедергі жасау -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) пара беріп сатып алумен, алдаумен, күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытумен сабақтасса;

б) адам өзінің лауазымын немесе қызмет бабын пайдалана отырып жасаса;

- в) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалса;
- г) электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалса,

-
екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 146-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 583, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

147-бап. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу

1. Сайлау құжаттарын немесе референдум құжаттарын бұрмалау, бюллетеньге жалған жазбалар немесе қол қойылған парақтар енгізу, дауыстарды көпе-көрінеу қате есептеу не сайлаудың нәтижелерін немесе референдум қорытындыларын көпе-көрінеу дұрыс айқындамау, не дауыс беру құпиясын бұзу, егер осы әрекеттерді Қазақстан Республикасы Президентіне кандидаттың сенімді өкілі, немесе депутаттыққа кандидаттың сенімді өкілі жасаса, сол сияқты сайлау комиссиясының, немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның мүшесі жасаса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған дәл сол әрекеттер, -

жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 147-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 583, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

148-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу

1. Қызметкермен еңбек шартын заңсыз тоқтату, соттың жұмыста қайта қалпына келтіру туралы шешімін орындамау, сол сияқты азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келуіне әкеп соққан Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын өзге де бұзу -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату, сол сияқты мүгедекпен оның мүгедектігі себебі бойынша не кәмелетке толмағанмен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

3. Басқару қызметін атқарушы адамның ақша қаражатын өзге мақсаттарға пайдаланумен байланысты жалақының толық көлемінде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідіртуі -

үш жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 148-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2007.05.15 N 253, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

149-бап. Ар-ождан және діни наным бостандығы құқығын жүзеге асыруға кедергі жасау

Ескерту. 149-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

150-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі жасау

Ескерту. 150-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

150-1-бап. Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі келтіру

Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып кедергі келтіруі, сол сияқты олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып олардың заңды қызметіне араласуы, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда - жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. Кодекс 150-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.05.15 N 253 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

151-бап. Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау

Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау не оларға қатысуға мәжбүрлеу, егер бұл әрекеттерді лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытумен жасаса -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 151-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

152-бап. Еңбекті қорғау ережелерін бұзу

1. Қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитария ережелерін немесе еңбекті қорғаудың өзге де ережелерін осы ережелерді сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның бұзуы абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару

не белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не

дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 152-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

153-бап. Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу

Адамның өз қызмет бабын пайдаланып не күш көрсету немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы ереуілге қатысуға немесе заңды ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеуі -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 153-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

154-бап. <*>

Ескерту. 154-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен.

155-бап. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру

1. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне оны ақпарат таратуға не оны таратудан бас тартуға мәжбүрлеу арқылы кедергі келтіру -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып, сол сияқты күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқыта отырып жасаған әрекет -

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 155-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

156-бап. Басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу

1. Басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу немесе тұтандыру - жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Басқыншылық соғысты жүргізу -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

157-бап. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру

1. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру - үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасалған не мемлекеттік жауапты қызмет атқарып отырған лауазымды адам жасаған дәл сол әрекет -

бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 157-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

158-бап. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату

Химиялық, биологиялық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен тыйым салынған жаппай қырып-жою қаруының басқа да түрін өндіру, сатып алу немесе өткізу - бес жылдан он жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

159-бап. Соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану

1. Әскери тұтқындарға немесе әскери емес тұрғындарға қатыгездікпен қарау, әскери емес тұрғындарды күштеп көшіру, басып алынған аумақта ұлттық мүлікті тонау, Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен тыйым салынған құралдар мен әдістерді әскери жанжалда қолдану - алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен тыйым салынған жаппай қырып-жою қаруын қолдану - он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 159-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

160-бап. Геноцид

1. Геноцид, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер - он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында жасалған нақ сол әрекеттер - он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 160-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 175-IV Заңымен.

161-бап. Экоцид

Өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфера, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апатты туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасау - он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

162-бап. Жалдамалылық

1. Жалдамалыны жалдануға азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру немесе өзге материалдық қамтамасыз ету, сондай-ақ оны қарулы жанжалда немесе соғыс қимылдарында пайдалану - төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып немесе кәметке толмағанға қатысты жасаған дәл сол әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жалдамалының қарулы жанжалға немесе соғыс қимылдарына қатысуы -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, адам қазасына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп өлім жазасына немесе мүлкі тәркіленіп өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Материалдық сыйақы алу немесе өзге де бас пайдасы мақсатында іс-әрекет жасайтын және қарулы қақтығысқа қатысушы тараптың азаматы болып табылмайтын, оның аумағында тұрақты тұрмайтын және ресми міндеттерді орындау үшін басқа мемлекет жібермеген адам жалдамалы деп танылады.

163-бап. Халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау

1. Шетелдік мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғау аясындағы халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ халықаралық қорғау аясындағы адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына не көлік құралдарына шабуыл жасау, сол сияқты осы азаматтарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, егер осы әрекеттер соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру мақсатында жасалса -

мүліктері тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не қару қолдану не адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған, не денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан, абайсызда адам өліміне әкеп соққан нақ сол әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

164-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасына, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін

насихаттау, егер осы әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты насихаттайтын әдебиет пен өзге ақпарат жеткізгіштерді тарату жолымен жасалса -

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобымен немесе бірнеше рет жасалған, немесе күш көрсетумен не оны қолданамын деп қорқытумен ұштасқан, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған нақ сол іс-әрекеттер -

бес жүзден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 164-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2002.02.19 N 295 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

165-бап. Мемлекеттік опасыздық

1. Мемлекеттік опасыздық, яғни қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сол сияқты шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал ұрыс жағдайында ауырлататын мән-жайлар кезінде - он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында жасалған нақ сол әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе мүлкі тәркіленіп, өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта, сол сияқты осы Кодекстің 166 және 168-баптарында көзделген қылмыстарды жасаған адам, егер ол мемлекеттік органдарға ерікті және дер кезінде хабарлауымен немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының мүдделеріне залал келтіруді болдырмауға жәрдемдессе және оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 165-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2009.07.10 N 175-IV Заңдарымен.

166-бап. Шпионаж

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, ұрлау немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіре отырып пайдалану үшін беру немесе жинау, егер осы әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 166-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

166-1-бап. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының өміріне қол сұғушылық

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне оның заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған қол сұғушылық, –

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 166-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.14 № 290-IV Заңымен.

**167-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне
қастандық жасау**

Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне оның мемлекеттік қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында қастандық жасау, -

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 167-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.02.19 N 295 Заңымен.

**168-бап. Билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен
ұстап тұру не Қазақстан Республикасының
уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының
құзырына кіретін өкілеттіктерді шет мемлекет
немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған, сол сияқты Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер, -

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қазақстан Республикасының, оның уәкілетті органдарының немесе лауазымды адамдарының құзырындағы өкілеттіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы, -

бір мың айлық есептік көрсеткіштен бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 168 бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

169-бап. Қарулы бүлік

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын құлату немесе күштеп өзгерту не Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзу мақсатында қарулы бүлік ұйымдастыру не оған белсенді түрде қатысу -

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**170-бап. Қазақстан Республикасының конституциялық
құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не
оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру**

1. Өкіметті күштеп басып алуға, өкіметті күштеп ұстауға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтастығын және оның аумағының бірлігін күштеп бұзуға жария түрде үндеу, сондай-ақ осындай мазмұндағы материалдарды осы мақсатта тарату -

үш жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасалған немесе ұйымдасқан топ жасаған нақ сол әрекеттер -

бір мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 170 бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.02.19 N 295, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

171-бап. Диверсия

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатында адамдарды жаппай қырып-жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, кәсіпорындарды, құрылыстарды, қатынас жолдары мен құралдарын, байланыс құралдарын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қиратуға, немесе зақымдауға бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге іс-әрекеттер жасау, сол сияқты осы мақсатта жаппай улау немесе эпидемиялар мен эпизоотиялар тарату -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

172-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария ету, тарату

1. Құжаттарды ұрлау, мемлекеттік құпияларды білетін адамдарды немесе олардың жақындарын сатып алу немесе қорқыту, байланыс құралдары арқылы қолға түсіру, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз кіру, арнайы техникалық құралдарды пайдалану жолымен не өзге де заңсыз әдіспен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер жинау, сол сияқты мемлекеттік құпияларды құрайтын, заңсыз алынған мәліметтерді тарату мемлекетке опасыздық немесе шпиондық белгілері болмаған жағдайда -

белгілі бір лауазымдарда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабымен не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-ізвестіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында мәлім болған мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабымен не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-ізвестіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында мәлім болған қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, егер бұл ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда -

екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

үш жылға дейінгі мерзімде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы Кодекстің 172, 173 және 386-баптарында ірі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін сомада келтірілген залал танылады.

Ескерту. 172-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР

2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

173-бап. Мемлекеттік құпиялары бар құжаттарды, заттарды жоғалту

1. Адамның өзіне қызмет немесе жұмыс бабымен сеніп тапсырылған мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды, сол сияқты олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын заттарды жоғалту егер аталған құжаттар немесе заттар оларды пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзудың салдарынан жоғалса және ірі залал келтіруге немесе өзге ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса, -

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзіне қызмет немесе жұмыс бабымен сеніп тапсырылған қызметтік құпиясы бар құжаттарды, сол сияқты олар туралы мәліметтер қызметтік құпияны құрайтын заттарды жоғалтуы, егер аталған құжаттар немесе заттар оларды пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзудың салдарынан жоғалса және ірі залал келтіруге немесе өзге ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса, -

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 173-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

174-бап. Жұмылдыруға шақырудан жалтару

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен құрамалары қатарына жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақырудан жалтару -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында жасалған нақ сол әрекет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін толықтыру үшін одан әрі шақырудан жалтару -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

6-тарау. Меншікке қарсы қылмыстар

175-бап. Ұрлық

1. Ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау -

екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейін бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралының салонына

заңсыз кірумен;

г) мұнай-газ құбырынан жасалған ұрлық -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) ірі мөлшерде жасалған ұрлық -

в) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

мүлкі тәркіленіп үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Мынадай:

а) ұйымдасқан топ жасаған;

б) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Осы Кодекстің баптарында ұрлық деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады.

2. Осы Кодекстің 184, 184-1-баптарын қоспағанда, осы тараудың баптарында ірі мөлшер немесе ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады.

2-1. Осы тараудың баптарында аса ірі мөлшер немесе залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асып түсетін мүліктің құны немесе залалдың мөлшері танылады.

3. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалған ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Оны жасауға кінәлі адам заңға сәйкес әкімшілік жауапқа тартылады. Егер ұрланған мүліктің құны әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын болса, ұрлық ұсақ-түйек ұрлау деп танылады.

Ескерту. 175-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2005.11.22 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

176-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету

1. Иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау

- екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) қызмет бабын пайдаланып жасалған нақ сол әрекеттер -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не мүлкін тәркілеп немесе онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді, егер оларды:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) ірі мөлшерде жасаған болса -

в) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

г) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса -

мүлкі тәркіленіп және үш жылға дейінгі, ал г) тармағында көзделген жағдайларда - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 176-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2003.09.25 N 484, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

177-бап. Алаяқтық

1. Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу -

екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға

дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) ірі мөлшерде жасалған алаяқтық -

в) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

г) мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам жасаған алаяқтық, егер ол өз қызмет бабын пайдаланумен ұштасса, -

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 177-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап

қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

178-бап. Тонау

1. Тонау, яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы;

б) бірнеше рет;

в) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

г) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) ірі мөлшерде жасалған тонау -

в) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 178-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

179-бап. Қарақшылық

1. Қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған;

г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған;

д) денсаулыққа ауыр зиян келтірумен жасалған қарақшылық -

мүлкі тәркіленіп бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа ауыр зиян келтіре отырып;

в) мүлікті ірі мөлшерде ұрлау мақсатында жасаған қарақшылық -

г) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

мүлкі тәркіленіп жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 179-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

180-бап. Ерекше құнды заттарды ұрлау

1. Ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды ұрлау, ұрлықтың жасалу тәсіліне қарамастан -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекетті:

а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) бірнеше рет жасалса;

в) осы баптың бірінші бөлігінде аталған заттардың немесе құжаттардың жойылуына, бұзылуына немесе бүлінуіне әкеп соқса -

мүлкі тәркіленіп сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

181-бап. Қорқытып алушылық

1. Қорқытып алушылық, яғни бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе күш қолданумен не бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен не жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе онсыз төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай жолмен:

а) күш қолдану;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

в) бірнеше рет жасалған қорқытып алу -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай жолмен:

а) алынып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

б) жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіре отырып;

в) ірі мөлшерде мүлік алу мақсатында жасаған қорқытып алу -

г) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

мүлкі тәркіленіп бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 181-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап

қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

182-бап. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру

1. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге ұрлық белгілерінсіз мүліктік залал келтіруді:

- а) адамдар тобының алдын ала сөз байласу бойынша жасауы;
- б) бірнеше рет;
- в) қызмет бабын пайдаланып жасау –

төрт жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) ұйымдасқан топпен жасалғанда;
- б) ірі залал келтіргенде –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 182-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

183-бап. Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату

1. Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті алдын ала уәделеспей сатып алу немесе сату -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

- а) автомобильге, мұнай және мұнай өнімдеріне немесе ірі мөлшердегі өзге мүлікке қатысты;
- б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасаса;
- в) бірнеше рет жасалса;

г) **алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып немесе мүлкі тәркіленіп немесе онсыз төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген ұйымдасқан топ немесе адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 183-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі),

2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

183-1-бап. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иелену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды өңдеу

1. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды ірі мөлшерде тасымалдау, иелену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды өңдеу -

қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік тәркіленіп, екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттерді:

а) бірнеше рет;

б) ұйымдасқан топ жасаса, -

сотталған адамның мүлкі тәркіленіп не онсыз, сондай-ақ қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік тәркіленіп, бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 183-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

184-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу

1. Авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл әрекет автордың немесе өзге де құқық иеленушінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне айтарлықтай зиян, оның ішінде елеулі залалға әкеп соқтырған айтарлықтай зиян келтірсе, -

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты өткізу мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын елеулі мөлшерде жасалған сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе дайындау, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Электрондық цифрлық форматтағы туындылардың және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын алмастыруға, сақтауға, тасымалдауға одан әрі қол жеткізу үшін интернет-ресурстарды ұйымдастыру, құру арқылы елеулі залал келтірген авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, -

алты жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жүз сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

4. Осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген:

а) бірнеше рет;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен;

в) ірі мөлшерде немесе ірі залал келтірген;

г) адамның өз қызмет бабын пайдалануымен жасалған әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыруға жазланады.

Ескерту. 184-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 N 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

184-1-бап. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу

1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің, селекциялық жетістіктің немесе интегралдық микросхема топологиясының мәнін, олар туралы мәліметтер ресми түрде жарияланғанға дейін автордың немесе арыз берушінің келісімінсіз жария ету, сол сияқты авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер осы әрекеттер авторға немесе өзге құқық иеленушіге елеулі залал келтірсе немесе олардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне айтарлықтай зиян келтірсе, - жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазланады.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні, селекциялық жетістікті немесе интегралдық микросхема топологиясын елеулі мөлшерде жасалған заңсыз пайдалану, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазланады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген:

а) бірнеше рет;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен;

в) ірі мөлшерде немесе ірі залал келтірген;

г) адамның өз қызмет бабын пайдалануымен жасалған әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады.

Ескерту.

1. Егер залалдың мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілері даналарының немесе өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді немесе интегралдық микросхемалар топологияларын қамтитын тауарлардың құны қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асса, осы Кодекстің 184, 184-1-баптарында көзделген әрекеттер елеулі залал келтірген немесе елеулі мөлшерде жасалған деп танылады.

2. Егер залалдың мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілері даналарының немесе өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді немесе интегралдық микросхемалар топологияларын қамтитын тауарлардың құны қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асса, осы Кодекстің 184, 184-1-баптарында көзделген әрекеттер ірі залал келтірген немесе ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

Ескерту. Кодекс 184-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.11.22 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 179-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**185-бап. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын
ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену**

1. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (айдап кету) -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

а) адамдар тобы алдын ала сөз байласу бойынша;

б) бірнеше рет;

в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолданумен не дәл сондай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалса -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топ жасаған не ірі зиян келтірген әрекеттер -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданумен не сондай күш қолданбақшы болып қорқытумен жасалған әрекеттер -

алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 185-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

186-бап. Жерге заттай құқықтарды бұзу

1. Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан, күш қолдану арқылы не күш қолданамын деп қорқыту арқылы немесе адамдар тобымен немесе заңсыз тінтумен ұласып жасалған бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтен біреудің жер учаскесін заңсыз басып алу -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді адамның өз қызмет бабын пайдаланып жасауы, -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден сегіз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 186-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09. N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**187-бап. Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе
бүлдіру**

1. Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру, едәуір зиян келтірсе -

айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жүз сағаттан бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

- а) өрт қою, жару арқылы немесе өзге де жалпы қауіпті әдістермен жасалса;
- б) абайсызда денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса;
- в) жәбірленушінің өзінің қызметтік немесе қоғамдық борышын орындауымен байланысты не өзінің жақын туыстары жөнінде нақ сондай себептермен жасалса;
- г) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық себептер бойынша жасалса, - екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- а) абайсызда адам өліміне;
- б) тарих, мәдениет ескерткіштерін, табиғат кешендерін немесе мемлекет қорғауға алған объектілерді, сондай-ақ ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы бар заттарды немесе құжаттарды жоюға немесе бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер - үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асып түсетін зиян мөлшері елеулі зиян деп танылады.

Ескерту. 187 бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

188-бап. Бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру

Отпен немесе өзге де аса қауіпті көздермен абайсыз жұмыс істеу салдарынан болған не абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан бөтен адамның мүлкін жою немесе бүлдіру - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 188-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар

189-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау

Ескерту. 189-бап алып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

190-бап. Заңсыз кәсіпкерлік

1. Кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өтпей не рұқсат (лицензия) алу міндетті болған жағдайларда арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерліктің тыйым салынған түрлерімен шұғылдану, егер осы әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе, не ірі мөлшерде табыс табумен немесе ірі мөлшерде акцизделетін тауарларды өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен байланысты болса - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу айлық

есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып не онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекетті:

а) ұйымдасқан топ жасаса;

б) аса ірі мөлшердегі табыс табумен ұштастырып;

в) бірнеше рет жасаса, -

бір мыңнан бір жарым мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы Кодекстің 190 және 191-баптарында сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс - ірі мөлшердегі табыс деп, сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс аса ірі мөлшердегі табыс деп танылады.

2. Осы Кодекстің 190-бабында құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны едәуір мөлшердегі тауарлар деп танылады.

3. Осы тараудың 190, 191, 192-1, 215, 216, 217, 219 және 220-баптарында ірі мөлшердегі залал деп қылмыс жасау сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.

4. Осы тараудың 194, 198, 199, 200, 202-1, 203, 204, 205 және 218-баптарында ірі мөлшердегі залал деп қылмыс жасау сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.

Ескерту. 190-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.16 N 430, 2002.12.21 N 363, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап

қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

191-бап. Заңсыз банктік қызмет

1. Банктік қызметті (банктік операцияларды) тіркеуден өткізбей немесе рұқсат (лицензия) алу міндетті болған жағдайларда арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру, егер осы әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе, не ірі мөлшерде табыс табумен ұштасса -

сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекетті:

а) ұйымдасқан топ жасаса;

б) аса ірі мөлшердегі табыс табумен ұштастырып жасаса;

в) бірнеше рет жасаса, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 191-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

192-бап. Жалған кәсіпкерлік

1. Жалған кәсіпкерлік, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жеке кәсіпкерлік субъектісін құру не басқа заңды тұлғалардың өз шешімдерін айқындау құқығын беретін акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) сатып алу, сол сияқты оларға басшылық ету, егер жасалған барлық мәмілелер құқыққа қарсы мақсаттарды көздеген және азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген жағдайда, -

алты жүз елуден екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл сала отырып не онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттерді:

а) бірнеше рет;

б) адамдар тобы алдын ала сөз байласу бойынша жасаса;

в) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өз қызмет бабын пайдаланумен ұштастырып жасаса, -

екі мыңнан бес мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) ұйымдасқан топ;

б) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаса, -

үш мыңнан алты мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы Кодекстің осы бабында және 192-1-бабында құқыққа қайшы мақсаттарды көздейтін мәмілелерге кредиттерді заңсыз алуға, салық төлеуден жалтаруға, тыйым салынған қызметті жасыруға, заңсыз табыс табуға және (немесе) өзге де мүлктік пайда алуға бағытталған мәмілелер, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға жәрдемдесу жатады.

2. Осы бапта ірі мөлшердегі залал деп азаматқа айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомада келтірілген залал танылады.

Ескерту. 192-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін

2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

192-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәміле (мәмілелер) жасасуы

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп жібермей, құқыққа қарсы мақсаттарды көздеген және азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген мәміле (мәмілелер) жасасуы (оның ішінде шот-фактураны пайдалану арқылы жасасуы), -

бес жүзден екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. Кодекс 192-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

193-бап. Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру

1. Көпе-көрінеу заңсыз жолмен алынған ақша қаражатымен немесе өзге мүлікпен қаржылық операциялар немесе басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты аталған қаражатты немесе өзге де мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалану -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) әлденеше рет;

в) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасалса, -

жеті жүзден бір мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса;

б) ұйымдасқан топ;

в) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) немесе ірі мөлшерде жасаса, -

бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге, ал а) тармағында көзделген жағдайларда мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы бапта жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға жасалған мәмілелер немесе ақша қаражатын немесе басқа мүлікті пайдалану ірі мөлшер деп танылады.

2. Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе мүлікті заңдастыру дайындалып жатқаны не жасалғаны туралы өз еркімен мәлімдеген адам, егер оның іс-әрекетінде осы баптың екінші және

үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстар немесе өзге де қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 193-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2003.09.25 N 484, 2004.12.09 N 10, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

194-бап. Несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану

1. Жеке кәсіпкердің немесе ұйымның шаруашылық жағдайы, қаржылық жай-күйі немесе кепілдік мүлкі туралы, немесе несиенің, демеу қаржының несиелеудің жеңілдікті шарттарын алуға арналған елеулі мәні бар өзге де мән-жайлар туралы көпе-көрінеу жалған мәліметтерді банкке немесе өзге де несие берушіге беру арқылы жеке кәсіпкердің немесе ұйым жетекшісінің несие, демеуқаржы не несиелеудің жеңілдікті шарттарын алуы, сол сияқты несиелеуді, демеуқаржы беруді тоқтатуға, жеңілдіктерді жоюға не бөлінген несие мен демеу қаржы мөлшерлерін шектеуге әкеп соғатын мән-жайлардың пайда болуы туралы ақпаратты банкке немесе өзге несие берушіге хабарламау, егер осы әрекеттер ірі зиян келтірсе -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбау, егер осы әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 194-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

194-1-бап. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану

Қаржы ұйымы болып табылмайтын эмитент органдарының (эмитенттің лауазымды адамдарының) осы эмитенттің облигацияларын шығару проспектісінде белгіленген, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың шарттары мен тәртібін бұзуға әкеп соқтыратын шешімдер қабылдауы, егер бұл әрекет облигация ұстаушыларға ірі зиян келтіретін болса, -

айлық есептік көрсеткіштің он мыңнан жиырма мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жыл мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Осы бапта ірі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал танылады.

Ескерту. Кодекс 194-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

195-бап. Несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару

Ескерту. 194-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

196-бап. Монополистік қызмет

1. Нарық субъектілерінің монополиялық жоғары (төмен) немесе келісілген бағаларды белгілеуі және (немесе) ұстап тұруы, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінен сатып алынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қайта сатуға аумақтық белгісі, сатып алушылар тобы, сатып алу шарттары, саны не бағасы бойынша шектеулер белгілеуі, тауар нарықтарын аумақтық белгісі, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ассортименті, олардың өткізілу немесе сатып алыну көлемі, сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша бөлуі, сондай-ақ бәсекелестікті шектеуге бағытталған өзге де әрекеттер, егер олар азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не нарық субъектісінің ірі мөлшерде табыс табуымен ұштасқан болса, -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бірнеше рет не адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топ жасаған, не адамның қызмет бабын пайдалануымен жасалған нақ сол әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып, сол сияқты бөтеннің мүлкін жойып немесе бүлдіріп не оның мүлкін жоямын немесе бүлдіремін деп қорқытып жасалған, қорқытып алу белгілері жоқ әрекеттер -

айлық есептік көрсеткіштің екі мыңнан бес мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптағы ірі мөлшердегі табыс деп сомасы екі жүз мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс танылады.

Ескерту. 196-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.12.25 N 113-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

197-бап. Көпшілік сауда-саттықтар, аукциондар мен конкурстар өткізудің белгіленген тәртібін қасақана бұзу

Ескерту. 197-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

198-бап. Көрінеу жалған жарнама беру

Жарнама берушінің жарнамада тауарларға, жұмыстарға немесе қызмет көрсетуге, сондай-ақ оларды өндірушілерге, орындаушыларға немесе сатушыларға қатысты көрінеу жалған ақпаратты пайдалануы пайдакүнемдік ниетпен жасалса және ірі зиян келтірсе, мұны бір жыл ішінде дәл осындай әрекет жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 198-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

199-бап. Тауарлық белгіні заңсыз пайдалану

1. Бөтеннің тауарлық белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауардың шығатын орнының атауын немесе олармен біртектес тауарларға немесе қызмет көрсетулерге арналған ұқсас таңбаларды заңсыз пайдалану, егер бұл әрекет бірнеше рет жасалса немесе ірі зиян келтірсе - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Қазақстан Республикасында тіркелген тауарлық белгіге немесе тауардың шыққан орнының атауына қатысты ескерту таңбаларын заңсыз пайдалану, егер бұл әрекет бірнеше рет жасалса немесе ірі зиян келтірсе -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. 199-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

200-бап. Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз алу мен жария ету

1. Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді, құжаттарды ұрлау, коммерциялық немесе банктік құпияны білетін адамдарды немесе олардың туыстарын сатып алу немесе оларды қорқыту жолымен, байланыс құралдарында ұстап алу, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз кіру, арнаулы техникалық құралдарды пайдалану арқылы, сол сияқты бұл мәліметтерді жария ету не заңсыз пайдалану мақсатында өзге де заңсыз тәсілдермен жинау -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді олардың иесінің келісімінсіз, бұл құпия қызметіне немесе жұмысына байланысты сеніп тапсырылған адамның пайдакүнемдік немесе өзге де жеке басының мүддесінде заңсыз жария етуі немесе пайдалануы, бұл әрекет ірі зиян келтірсе -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 200-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

201-бап. Кәсіптік спорт жарыстарының және ойын-сауықтық коммерциялық конкурстардың қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу

Ескерту. 201-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

202-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзу

Көрінеу сенімсіз ақпараты бар эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісін бекіту, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар шығару жөніндегі көрінеу сенімсіз есепті бекіту, - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 202-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

202-1-бап. Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамдарының бағалы қағаздарды ұстаушыларға не эмитентке ірі зиян келтірген, мүліктік пайда табу мақсатында мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып, не онсыз, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. Кодекс 202-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

203-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне осы бағалы қағаздарға деген құқықтың басқа адамға ауысуына әкеп соғатын көрінеу жалған мәліметтер енгізу -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Ірі зиян келтірген дәл сол әрекет -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 203-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

204-бап. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының ірі зиян келтірген, мүліктік пайда табу мақсатында мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарындағы бағалы қағаздардың саны мен түрлері туралы және бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 204-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

205-бап. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелерін бұзу

1. Ірі зиян келтірген бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелерін бұзу -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бірнеше рет не адамдар тобы алдын ала сөз байласу бойынша немесе ұйымдасқан топ жасаған дәл сол әрекет -

мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу не белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 205-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

205-1-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді жоғалту

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтер қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сеніп тапсырылған адамның оларды жоғалтуы, егер жоғалту көрсетілген құжаттарды сақтаудың және олармен жұмыс істеудің белгіленген қағидаларын бұзу нәтижесінде болса, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып

немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 205-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

206-бап. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалған банкноттары мен мәннеттерін, мемлекеттік бағалы қағаздарды немесе Қазақстан Республикасының валютасындағы басқа бағалы қағаздарды не шетел валютасы мен шетел валютасындағы бағалы қағаздарды сату мақсатында жасау немесе сақтау, сол сияқты сату -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 206-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.08 N 210 Заңымен.

207-бап. Жалған төлем карточкалары мен өзге төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату

1. Жалған төлем карточкаларын, сол сияқты бағалы қағаздар болып табылмайтын өзге де төлем және есеп айырысу құжаттарын сату мақсатында жасау немесе сату -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған немесе ұйымдасқан топ жасаған дәл сол әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 207-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

208-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану

1. Айтарлықтай зиян келтіруге әкеп соққан акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережесін бұзу, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейін айыра отырып, не бір жылдан екі жылға дейінгі түзеу жұмыстарына, не белгілі бір лауазымды иелену

немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көрінеу жалған акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын өткізу мақсатында әзірлеу немесе сатып алу, сондай-ақ пайдалану немесе өткізу, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға немесе онсыз жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал елеулі залал деп танылады.

2. Егер келтірілген залалдың орнын өз еркімен толтырған адамның әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса, ол осы баптың бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 208-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.16 N 430 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

209-бап. Экономикалық контрабанда

1. Кеден одағының кедендік шекарасынан кеден бақылауын жанай немесе одан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік теңдестіру құралдарын алдап пайдалану арқылы тауарларды немесе өзге де заттарды, осы Кодекстің 250-бабында көрсетілгендерін қоспағанда, не декларацияланбаумен немесе күмәнді декларациялаумен ұштасқан кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды ірі мөлшерде өткізу -

мүлкі тәркіленіп не онсыз, бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

- а) бірнеше рет;
- б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;
- в) кеден бақылауын жүзеге асырушы адамға күш қолдана отырып;
- г) аса ірі мөлшерде;
- д) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалса, -

мүлкі тәркіленіп бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса;

б) ұйымдасқан топ жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге, ал а) тармағында көзделген жағдайда мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көзделген әрекеттер, егер өткізілген тауарлардың құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асса, ірі мөлшерде және егер өткізілген тауарлардың құны бес мың айлық есептік көрсеткіштен асса, аса ірі мөлшерде жасалған әрекеттер деп танылады.

Ескерту. 209-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2004.12.09 N 10, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

210-бап. <*>

211-бап. <*>

212-бап. <*>

Ескерту. 210, 211, 212-баптар алынып тасталды - ҚР 1998.07.09 N 277 Заңымен.

213-бап. Ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау

Ұйым басшысының немесе жеке кәсіпкердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден ірі мөлшерде қайтармауы -

он мыңнан жиырма мыңға дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көзделген әрекет, егер қайтарылмаған ұлттық және шетел валютасындағы қаражат сомасы он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асса, ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

Ескерту. 213-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.04. N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

214-бап. Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару

1. Кеден бажын, салықтарды, кеден алымдарын немесе басқа кедендік төлемдерін төлеуден жалтару әрекеті ірі мөлшерде жасалған болса, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) лауазымды адам өз қызмет бабын пайдаланып;

в) ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық сыбайластықпен (қылмыстық ұйыммен) жасалса - жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Егер төленбеген кеден төлемдерінің құны бес мың айлық есептік көрсеткіштен асса, кеден төлемдерін төлеуден жалтару ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бересінің сомасын, есептелген өсімпұлдарды, айыппұлдар сомасын өз еркімен төлеген адамның әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса, ол осы баптың бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 214-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV(2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

215-бап. Банкроттық жағдайындағы заңсыз іс-әрекеттер

1. Мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты экономикалық қызмет көрініс табатын бухгалтерлік және өзге де есеп құжаттарын жасыру, жою, бұрмалау, егер бұл әрекетті банкроттық жағдайында немесе банкроттықты күнiлгерi бiле отырып, борышкер ұйымның басшысы немесе меншік иесі, не жеке кәсіпкер жасап ірі зиян келтірсе -

бір мыңнан бір жарым мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Өзінің шын мәнінде дәрменсіздігін (банкроттығын) білетін борышкер ұйымның басшысы немесе меншік иесі, сол сияқты конкурстық іс жүргізу немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік берілген адам басқа несие берушілерге көпе-көрінеу зиян келтіре отырып, жекелеген несие берушілердің мүліктік талаптарын заңсыз қанағаттандыруы, егер бұл әрекет ірі мөлшерде зиян келтірген болса -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 215-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

216-бап. Әдейі банкроттық

Әдейі банкроттық, яғни коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің жеке мүддесі немесе өзге адамдардың мүддесі үшін төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы ірі зиянға немесе өзге да ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 216-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

216-1-бап. Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын, банкті мәжбүрлеп таратуға әкеп соққан төлем қабілетсіздігіне әкелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, банктің ірі қатысушысы-жеке тұлғаның, ірі қатысушысы-заңды тұлғаның бірінші басшысының не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, банктің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша басқару органының немесе атқарушы органының функцияларын орындайтын тұлғаның қасақана іс-әрекеті (әрекетсіздігі), -

үш мыңнан алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 216-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.10.23 N 72 IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

217-бап. Жалған банкроттық

Коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің несие берушілерге тиесілі төлемдерін кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу немесе борышын азайту, сол сияқты борышын төлемеу үшін несие берушілерді жаңылыстыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы көпе-көрінеу жалған хабарлауы, егер бұл әрекет ірі зиян келтірсе -

сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 217-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 60-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

218-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу

Бухгалтерлік есеп жүргізуге уәкілетті адамның заңдарда көзделген мәліметтерді құжаттаудан жалтаруы не осы адамның бухгалтерлік құжаттамаға ұйымның шаруашылық және қаржы қызметі туралы көпе-көрінеу жалған ақпаратты енгізуі, сол сияқты ірі зиян келтірген бухгалтерлік құжаттамаларды олардың сақталу мерзімі аяқталғанға дейін жоюы -

үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып, бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. 218-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

219-бап. Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер беру

Банк қызметкерлерінің заңды немесе жеке тұлғалардың банк шоттары бойынша операциялар туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі, сол сияқты осы банктің іс жүзіндегі қаржы жағдайымен көрінеу қамтамасыз етілмеген кепілдемелер, кепілдіктер және өзге де міндеттемелер беруі, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе немесе келтіруі мүмкін болса -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 219-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

220-бап. Банктің ақша қаражатын заңсыз пайдалану

1. Банк қызметкерлерінің банктің өз қаражатын және (немесе) банктің тартылған қаражатын көпе-көрінеу қайтымсыз несие беру немесе банкке көпе-көрінеу пайдасыз мәмілелер жасау үшін пайдалануы, сол сияқты банк клиенттеріне не басқа адамдарға негізсіз банк кепілін немесе негізсіз жеңілдік шарттарын беруі, егер осы әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Банк қызметкерлерінің клиенттердің банк шоттары бойынша ақша сомаларын, оның ішінде

валюта қаражатын көпе-көрінеу дұрыс аудармауы немесе көпе-көрінеу уақтылы аудармауы, егер осы әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 220-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.10.23 N 72 IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

221-бап. Азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз) Заңымен.

1. Азаматтың декларация табыс етуі міндетті болып табылатын жағдайларда табыстары туралы декларация табыс етпеу арқылы не декларацияға немесе салықтарды және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеумен немесе төлеумен байланысты өзге де құжаттарға кірістер немесе шығыстар туралы не салық салынуға тиісті мүлкі туралы көрінеу бұрмаланған деректерді енгізу арқылы салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы, егер бұл әрекет ірі мөлшердегі салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлемеуге әкеп соқса, -

екі жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет -

бес жүзден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Егер төленбеген салық немесе міндетті төлемдер сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен асса, азаматтың салықты немесе мемлекеттік бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлемеуі ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

Ескерту. 221-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.03.16 N 163, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

222-бап. Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы

1. Декларация табыс ету міндетті болып табылса да, декларацияны табыс етпеу не декларацияға кірістер және (немесе) шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған деректерді енгізу жолымен, салық салынатын басқа да объектілерді және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру жолымен ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару, егер бұл әрекет салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді ірі мөлшерде төлемеуге әкеп соқса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және (немесе) екінші бөліктерінде көзделген алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған әрекеттер, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып не мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Ұйымның салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлемеуі, егер төленбеген салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдер сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асса, ірі мөлшерде жасалған деп және егер төленбеген салық және (немесе) басқа да міндетті төлемдер сомасы елу мың айлық есептік көрсеткіштен асса, аса ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

Ескерту. 222-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін

2-6. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

222-1-бап. Салық төлеушінің салық берешегі шотына билік ету шектелген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеттері

Билік етуге салық органдары шектеу қойған мүлікті ысырап етуі, иеліктен шығаруы, жасырып қалуы немесе заңсыз беруі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мүлкіне билік ету шектелген адамның осындай мүлікті беруден бас тартуы, кредит ұйымдары қызметшісінің салық органдары шығыс операцияларын тоқтатып қойған ақша қаражатымен (салымдармен) банк операцияларын жүзеге асыруы -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. Кодекс 222-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

223-бап. Тұтынушыларды алдау

Ескерту. 223-бап алып тасталды - ҚР ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

224-бап. Заңсыз сыйақы алу

1. Мемлекеттік органның немесе мемлекеттік ұйымның мемлекеттік қызметтерді атқаруға уәкілетті адамы болып табылмайтын қызметкерінің немесе оған теңестірілген адамының, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару қызметтерін атқармайтын қызметкерінің өз міндеттері шеңберіндегі жұмысты орындағаны немесе қызмет көрсеткені үшін материалдық сыйақыны, жеңілдіктерді немесе мүліктік сипаттағы қызмет көрсетулерді заңсыз алуы, егер бұл әрекеттер қорқытып алумен байланысты болса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бірнеше рет немесе ірі мөлшерде сыйақы алумен байланысты жасалған дәл сол әрекет - бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Егер адамның алған сомасы немесе оған көрсетілген қызметтің құны үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асса, заңсыз сыйақы алу ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

Ескерту. 224-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

225-бап. Табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу

Ескерту. 225-бап алып тасталды - ҚР ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

226-бап. Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүр ету

1. Күш қолданамын деп, бөтеннің мүлкін жоямын немесе бүлдіремін деп, сол сияқты жәбірленуші мен оның жақындарының құқықтары мен заңды мүдделеріне едәуір зиян тигізуі мүмкін мәліметтерді таратамын деп қорқыту арқылы мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу, қорқытып алу белгілері болмаса -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не жүз айлық есепті көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) күш қолданып;

в) ұйымдасқан топпен жасалса -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 226-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

226-1 бап. Рейдерлік

1. Заңды тұлғаға қатысу үлесіне меншік құқығын, сол сияқты заңды тұлғаның мүлкі мен бағалы қағаздарын заңсыз иемденіп алу немесе жиналыстар мен отырыстардың хаттамаларына, олардан үзінділерге дауыс берушілердің саны, кворумы немесе дауыс беру нәтижелері туралы көрінеу дәйексіз мәліметтерді енгізу не дауыстарды санауды немесе дауыс беруге арналған бюллетеньдердің есебін көрінеу дәйексіз жүргізу, акционердің, басқару органына қатысушының, оның мүшесінің немесе атқарушы орган мүшесінің дауыс беруге нақты қолжетімділігін бұғаттау немесе шектеу, жиналыстардың, отырыстардың өтуі туралы мәліметтерді хабарламау не жиналыстардың, отырыстардың өтетін уақыты мен орны туралы дәйексіз мәліметтерді хабарлау, көрінеу жалған сенімхат бойынша акционердің, басқару органына қатысушының немесе оның мүшесінің атынан дауыс беру жолымен, бағалы қағаздарды сатып алудың басым құқығын бұзу, шектеу немесе нұқсан келтіру жолымен жоғары органның шешім қабылдауы кезінде дауыс беру нәтижелерін қасақана бұрмалау не құқықты еркін іске асыруға кедергі келтіру нәтижесінде заңды тұлғаның үстінен бақылау орнату, сол сияқты бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру кезінде не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі бұзушылыққа әкеп соққан өзге де заңсыз тәсілдермен қасақана кедергілер жасау, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не мүлкі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) қызмет бабын пайдаланып жасалған әрекеттер, -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Нақ сол әрекеттерді:

а) ұйымдасқан топ;

б) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам жасаса, егер олар оның қызмет бабын пайдаланумен ұштасса, -

мүлкі тәркіленіп және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас

бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 226-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

227-бап. Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату

1. Заңмен қорғалатын компьютерлік ақпаратқа, яғни машиналық сақтағыштағы, электронды есептеу машинасындағы (ЭЕМ), ЭЕМ жүйесіндегі немесе олардың желісіндегі ақпаратқа заңсыз кіру, сол сияқты ЭЕМ-ге, ЭЕМ жүйесіне немесе олардың желісіне кіре алатын адамның ЭЕМ-ді, ЭЕМ жүйесін немесе олардың желілерін пайдалану ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет ақпаратты жоюға, бөгеуге, жаңартуға не көшіруге, ЭЕМ жұмысын, ЭЕМ жүйесін немесе олардың желісін бұзуға әкеп соқса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған немесе ұйымдасқан топ жасаған не адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол әрекет -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ақпаратты санкциясыз жоюға, бөгеуге, жаңартуға не көшіруге, ЭЕМ жұмысын, ЭЕМ жүйесін немесе олардың желісін бұзуға көпе-көрінеу әкелетін ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар жасау немесе қолда бар бағдарламаларға өзгерістер енгізу, сол сияқты осындай бағдарламаларды немесе осындай бағдарламалары бар машиналық сақтағыштарды пайдалану не тарату -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген абайсыздықпен ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 227-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

227-1-бап. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абоненттің сәйкестендіру құрылғысын құқыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату

1. Жасап шығарушының немесе заңды иесінің келісімінсіз ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын құқыққа сыйымсыз өзгерту, ұялы байланыс абонентінің сәйкестендіру картасының телнұсқасын құқыққа сыйымсыз жасау, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын өзгертуге немесе ұялы байланыс абонентінің сәйкестендіру картасының телнұсқасын жасауға мүмкіндік беретін бағдарламаларды құқыққа сыйымсыз жасау, пайдалану, тарату, -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Нақ сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша не ұйымдасқан топпен;

б) бірнеше рет жасалса, -

в) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 227-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.08 N 210, Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 №

393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-тарау. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар

228-бап. Өкілеттіктерді теріс пайдалану

Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамның өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы Кодекстің баптарында мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша, не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын адам коммерциялық немесе өзге ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адам деп танылады.

Ескерту. 228-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.01 N 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

229-бап. Жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитордың немесе аудиторлық ұйым жетекшісінің өз өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы және өзі немесе басқа адамдар, немесе ұйымдар үшін пайда табу және артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл әрекет азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көпе-көрінеу кәметке толмаған немесе әрекет қабілеті жоқ адамға қатысты не бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 229-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.05.05 N 139, 2010.04.02 N 262-IV

(2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

230-бап. Жекеше күзет қызметі қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану

1. Жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияғасәйкес, өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қарамастан асыра пайдалануы, егер бұл әрекет күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалса -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қару немесе арнаулы құралдар қолданып немесе ауыр зардап келтірген дәл сол әрекет - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 230-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

231-бап. Коммерциялық сатып алу

1. Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамға заңсыз ақша, бағалы қағаздар немесе басқа мүлік беру, сондай-ақ оның өз қызмет бабын сатып алушы адамның мүддесінде пайдалануы үшін, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалған дәл сол әрекеттер -

сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметін атқаратын адамның заңсыз ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік алуы, сондай-ақ өз қызмет бабын сатып алушы адамның мүддесінде пайдалануы үшін, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүліктік сипатта көрсетілген қызметті пайдалануы -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттер, егер олар:

- а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен;
- б) бірнеше рет;
- в) қорқытып алумен байланысты;
- г) ірі мөлшерде жасалған болса, -

екі мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалған болса, -

үш мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасаған адам, егер оған қатысты қорқытып алушылық орын алған болса немесе егер ол қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға сатып алушылық туралы өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Бұрын жасалған заңды әрекеттер үшін алдын ала уағдаластық болмаған жағдайда мүлікті беру немесе алу, мүліктік сипаттағы қызметтер көрсету немесе мұндай қызметтерді сыйлық немесе сыйақы ретінде пайдалану егер мүліктің немесе қызметтердің құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, онша маңызды болмауы себепті қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік ретпен қудаланады.

3. Осы бапта заңсыз алынған ірі мөлшердегі ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік деп бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны танылады.

4. Осы бапта заңсыз алынған аса ірі мөлшердегі ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік деп екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны танылады.

Ескерту. 231-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

232-бап. Міндеттеріне адал қарамау

Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқарушы адамның қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан өз міндеттерін атқармауы немесе тиісті дәрежеде атқармауы, егер бұл адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса -

айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 232-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар

233-бап. Терроризм

1. Жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүлкіктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту, - төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып жасалса, - жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

а) жаппай қырып-жоятын қаруды, радиоактивті материалдарды қолдануға немесе қолданамын деп қорқытуға және жаппай уландыруды, эпидемия мен эпизоотияны таратуды, сондай-ақ адамдарды жаппай қырып-жюға әкеп соғуы ықтимал өзге де іс-әрекеттерді жасауға немесе жасаймын деп қорқытуға ұштасса;

б) абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, - он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта, оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау, не халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға, жайларға, ғимараттарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, жайларды, ғимараттарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су көлігін, жылжымалы темір жол құрамын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу, -

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Терроризм актісін дайындауға қатысқан адам, егер ол мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертуімен немесе өзге тәсілмен терроризм актісін болғызбауға септігін тигізсе және егер оның іс-әрекетінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Осы Кодекстің 162, 163, 166-1, 167, 171, 233, 233-1, 233-2, 233-3, 233-4, 234, 238, 239-баптарында көзделген қылмыстар террористік қылмыстар деп танылады.

Ескерту. 233-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.02.19 N 295, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.07.08 N 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 N 175-IV, 2010.06.14 №

290-IV, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

233-1-бап. Терроризмді не экстремизмді насихаттау немесе терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Терроризмді не экстремизмді насихаттау немесе терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату, - үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып не бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасаған не бір топ адам жасаған нақ сол әрекеттер, - бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 233-1 баппен толықтырылды - ҚР 2002.02.19 N 295 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

233-2-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу

1. Террористік мақсатты көздейтін қылмыстарды жасау үшін топ құру (террористік топ), сондай-ақ оған басшылық ету, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Террористік топтың қызметіне немесе ол жасаған терроризм актілеріне қатысу, - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып жасаған, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 233-2 баппен толықтырылды - ҚР 2002.02.19 N 295 Заңымен.

233-3-бап. Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесу

1. Террористік немесе экстремистік қызметті жүзеге асыру үшін жеке адамға, бір топ адамға немесе террористік не экстремистік ұйымдарға көрінеу заңсыз ақша және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беру немесе жинау, сондай-ақ сыйға тарту, айырбастау, қайырмалдықтар, демеушілік және қайырымдылық көмек, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсету не қаржылық қызмет көрсету, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған нақ сол әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға

жазаланады.

Ескерту.

Күш қолдану қатерімен террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруды және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесуді жүзеге асырушы және ол туралы ерікті түрде мәлімдеуші, сондай-ақ қылмыстың ашылуына немесе жолын кесуге белсенді түрде жәрдемдескен адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге де қылмыстың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. Кодекс 233-3-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67-III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңмен, жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

233-4-бап. Террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру

1. Террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру -

мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе кәмелетке толмағандарға қатысты жасаған нақ сол әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 233-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

234-бап. Адамды кепілге алу

1. Кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсатында адамды кепілге немесе кепілдік ретінде ұстау -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып;

г) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдана отырып;

д) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;

е) айыптыға жүктілік жағдайы көрінеу мәлім әйелге қатысты;

ж) көпе-көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты;

з) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

и) пайдакүнемдікпен немесе жалдау арқылы жасалса -

жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді, егер оларды ұйымдасқан топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса -

он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кепілге алынған адамды өз еркімен немесе өкіметтің талап етуі бойынша босатқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

235-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру, сол сияқты оны басқару -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға

жазаланады.

2. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топқа қатысу, - мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, - мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Осы Кодекстің 235, 235-1, 235-2, 235-3, 237-баптарында ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға), трансұлттық ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы топқа (бандаға) қатысуын өз еркімен тоқтатқан және ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасайтын немесе жасаған қылмыстарды ашуға немесе олардың жолын кесуге белсенді түрде жәрдемдескен адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге де қылмыстың құрамы болмаса,

қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 235-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

235-1-бап. Қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру не оны басқару, сол сияқты ұйымдасқан топтар басшыларының немесе өзге де қатысушыларының бірлестігін құру немесе дербес әрекет ететін ұйымдасқан топтардың қылмыстық іс-әрекеттерін үйлестіру -

мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұйымдасқан топтар басшыларының қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға) қатысуы - мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып үйлестіру мақсатында ұйымдасқан топтар басшыларының, өзге де қатысушыларының жиналысына қатысу, -

мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топтардың басшылары арасында жетекші орындағы адам жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру деп бірлесіп қылмыстар жасау мақсатында ұйымдасқан топтар арасында оларды келісуді (ұйымдасқан топтар басшыларының немесе өзге де қатысушыларының арасында тұрақты байланыстар орнатуды, қылмыс жасау үшін жоспарлар әзірлеп, жағдайлар жасауды, сондай-ақ қылмыстық ықпал ету аясын, қылмыстық әрекеттен түсетін табысты бөлісуді) түсіну керек.

2. Жетекші орындағы адам деп ұйымдасқан топтардың басшылары қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерді берген адам танылады.

Ескерту. Кодекс 235-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

235-2-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру, сол сияқты оны басқару -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған трансұлттық ұйымдасқан топқа қатысу, -

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, –
мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға

жазаланады.

Ескерту. Кодекс 235-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

235-3-бап. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру, сол сияқты оны басқару -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) қатысу - мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, он жеті жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 235-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

235-4-бап. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу

1. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру -

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) не трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) қатысушысының мүлікті жинауы, сақтауы, бөлуі, сондай-ақ қаржыландыру арналарын әзірлеуі, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қылмыстық қызметін қаржыландыру деп қылмыстық әрекетін жүзеге асыру мақсатында ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға), трансұлттық ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы

топқа (бандаға) мүлікті беруді, қаржылық қызмет көрсетуді түсіну керек.

2. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыруды күш көрсетіп қорқыту арқылы жүзеге асырған және бұл туралы өз еркімен мәлімдеген адам, егер оның іс-әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса,

қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. Кодекс 235-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

236-бап. Заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру

1. Заңсыз әскерилендірілген құрама (бірлестік, отряд, жасақ немесе өзге де топ) құру, сол сияқты ондай құраманы басқару -

екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Заңсыз әскерилендірілген құрамаға (бірлестік, отрядқа, жасаққа немесе өзге де топқа қатысу) -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Заңсыз әскери құрамаға қатысуын ерікті түрде тоқтатқан және қаруы мен әскери жабдығын тапсырған адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Ескерту. 236-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

237-бап. Бандитизм

1. Азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру, сол сияқты осындай топты (банданы) басқару -

мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасаған шабуылдарға қатысу -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 237-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

238-бап. Үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына, өзге де коммуникацияларға шабуыл жасау, сол сияқты оларды басып алу -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып;

- г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын басқа заттарды қолдана отырып;
- д) пайдakүнемдік ниетімен немесе жалдау арқылы;
- е) мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына қатысты жасалса,

- мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды ұйымдасқан топ жасаса немесе абайсызда кісі өліміне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыруға жазаланады.

Ескерту. 238-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

239-бап. Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға түсіру

1. Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сол сияқты осындай көлік пен құрамды айдап әкету мақсатында басып алу -

екі жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе осындай күш қолданамын деп қорқыта отырып;

г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдана отырып жасалса -

жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды ұйымдасқан топ жасаса не абайсызда кісі өліміне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса - сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

240-бап. Теңіз қарақшылығы

1. Теңіз немесе өзен кемесіне бөтеннің мүлкін басып алу мақсатында күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып шабуыл жасау -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет, не қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған дәл сол әрекет -

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды ұйымдасқан топ жасаса не абайсызда кісі өліміне не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

241-бап. Жаппай тәртіпсіздіктер

1. Күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сол сияқты олардың өкімет өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру -

төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жаппай тәртіпсіздікке қатысу -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Өкімет өкілдерінің заңды талаптарына белсене бағынбауға және жаппай тәртіпсіздікке шақыру, сол сияқты азаматтарға зорлық-зомбылық жасауға шақыру -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас

бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 241-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

242-бап. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау

Дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау, - екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 242-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.02.19 N 295 , 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

243-бап. Жаппай зақымдау қаруын, қару-жарақ және әскери техника жасау кезінде пайдаланылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызметтерді заңсыз экспорттау

Жаппай зақымдау қаруын, олардың жеткізу құралдарын, қару жарақ және әскери техниканы жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін және арнайы экспорттық бақылау орнатылған технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызмет көрсетулерді заңсыз экспорттау -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 243-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

244-бап. Атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу

1. Атом энергетикасы объектілерін орналастыру, жобалау, салу, жөндеу немесе пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер ол кісі өліміне немесе қоршаған ортаның радиоактивтік зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін болса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе қоршаған ортаның радиоактивтік зақымдануына немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соқтырған дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 244-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

245-бап. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу

1. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізгенде қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 245-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

245-1-бап. Сапасыз құрылыс

1. Құрылыс ұйымдары басшыларының, жұмыс жүргізушілердің және құрылыстың сапасын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың сапасыз салынған, аяқталмаған немесе шарттың және жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтін ғимараттар мен құрылыстарды, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, электр станцияларын, тұрғын үйлерді немесе өзге де құрылыс объектілерін пайдалануға тапсыруы және (немесе) пайдалануға қабылдауы, сол сияқты оларды сапасыз жөндеуі, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан нақ сол әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырған әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 245-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.01.08. N 210 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

246-бап. Жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу

1. Жарылыс қаупі бар объектілерде немесе жарылыс қаупі бар цехтарда қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер бұл кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін болса -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға

дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не алты жылға дейінгі мерзімге бас

бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 246-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

246-1-бап. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу

1. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан нақ сол әрекет - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 246-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.06 N 529-IV(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

247-бап. Радиоактивті материалдармен заңсыз жұмыс істеу

1. Радиоактивті материалдарды заңсыз иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, пайдалану, бүлдіру немесе көму, -

екі жылға дейінгі мерзімге бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Радиоактивті материалдарды заңсыз өткізу, сондай-ақ өткізу мақсатымен радиоактивті материалдарды заңсыз иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 247-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.02.19 N 295 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

248-бап. Радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу

1. Радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу - жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) адам өз қызмет бабын пайдаланып;

г) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдана отырып, не осындай күш қолданамын

деп қорқыта отырып жасалса -

мүлкі тәркіленіп не онсыз төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

а) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып немесе осындай күш қолданамын деп қорқыта отырып;

б) ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер -

в) алынып тасталды - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 248-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

249-бап. Радиоактивті материалдармен жұмыс істеу ережелерін бұзу

1. Радиоактивті материалдарды сақтау, пайдалану, есепке алу, көму, тасымалдау ережелерін және олармен жұмыс істеудің басқа да ережелерін бұзу, егер бұл әрекеттердің кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет - жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 249-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

250-бап. Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандысы

1. Кедендік бақылаудан тыс немесе жасырын жасалған не құжаттарды немесе кедендік теңдестіру құралдарын алдап пайдалана отырып, тауарларды, атап айтқанда есірткі заттарды, психотроптық, күшті әсер ететін, улы, уландырғыш, радиоактивті немесе жарылғыш заттарды, қару-жарақты, әскери техниканы, жарылғыш құрылғыларды, атыс қаруымен оқ-дәрілерді, жаппай қырып-жоятын қарудың ядролық, химиялық, биологиялық және басқа да түрлерін, жаппай қырып-жою қаруларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтарды кеден одағының кедендік шекарасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу не заңсыз өткізу -

мүлкі тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) лауазымды адам өз қызмет бабын пайдалана отырып;

в) кеден бақылауын жүзеге асырушы адамға күш қолдана отырып;

г) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

д) есірткі немесе психотроптық заттарға қатысты ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаған әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, өте ірі мөлшерде жасалған, есірткі немесе психотроптық заттарға байланысты әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп, өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 250-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.05.31 N 327, 2005.07.08 N 67-III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

251-бап. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру

1. Атыс қаруын (тегіс ұңғылы аңшы мылтығынан басқа), оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, біреуге беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл сала отырып не онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы жасаған немесе бірнеше рет жасалған дәл сол әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топ жасаса -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Суық қаруды алып жүру, аңшылық кәсіпшілікке байланысты болатын реттерді қоспағанда, қанжарларды, фин пышақтарын немесе басқа да суық қаруды заңсыз алып жүру немесе сату -

жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып не онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көрсетілген заттарды өз еркімен тапсырған адам, егер оның әрекетінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 251-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2009.04.07 N 149-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

252-бап. Қаруды заңсыз жасау

1. Атыс қаруын, оның жинақтаушы бөлшектерін заңсыз жасау немесе жөндеу, сол сияқты оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жару құрылғыларын заңсыз жасау -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасалған немесе бірнеше рет жасалған дәл сол әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топ жасаса -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Газ қаруын, суық қаруды, оның ішінде лақтырғыш қаруды заңсыз жасау -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көрсетілген заттарды өз еркімен тапсырған адам, егер оның әрекетінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 252-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2002.12.21 N 363 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

253-бап. Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау

Атыс қаруын оны басқа адамның пайдалануы үшін жағдай туғызған ұқыпсыз сақтау, егер ол ауыр зардаптарға әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 253-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21. N 363 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

254-бап. Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау

1. Атыс қаруын, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жару құрылғыларын күзету тапсырылған адамның өз міндеттерін тиісінше орындамауы, егер бұл олардың ұрлануына немесе жойылуына не өзге ауыр зардаптардың тууына әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жаппай қырып-жоятын қаруды не жаппай қырып-жоятын қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдарды немесе жабдықтарды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау, егер ол ауыр зардапқа әкеп соқса немесе олардың пайда болу қаупін тудырса -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 254-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

255-бап. Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу

1. Атыс қаруын, оның жинақтаушы бөлшектерін, оқ-дәріні, жарылғыш заттар немесе жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жаппай қырып-жоятын қаруды, сол сияқты жаппай қырып-жоятын қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдарды немесе жабдықтарды ұрлау не қорқытып алу - бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды:

а) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаса;

б) әлденеше рет;

в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану, не осындай күш қолданбақшы болып қорқыту арқылы;

г) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалса -

мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды:

а) ұйымдасқан топ жасаса;

б) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану немесе осындай күш қолданбаумен қорқыту арқылы жасалса -

в) **(алынып тасталды - 2002.12.21. N 363)**

мүлкін тәркілеп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 255-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

256-бап. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу

1. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға жауапты адамның өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуы, егер ол абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян немесе азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтіруге әкеп соқса -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бас бостандығын екі жылға дейінгі мерзімге шектеуге, не белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсыздан кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта ірі көлемдегі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін сомада жеке адамға келтірілген залал не айлық есептік көрсеткіштен бір мың есеге асып түсетін сомада ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.

Ескерту. 256-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

257-бап. Бұзақылық

1. Бұзақылық яғни қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет, егер оны:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) өкімет өкіліне не қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндетті атқарушы немесе қоғамдық тәртіпті бұзуға тыйым салушы өзге де адамға қарсылық көрсетумен байланысты болса;

в) бірнеше рет жасаса, -

жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Атыс қаруын, газ қаруын, пышақты, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы бейімделген басқа да заттарды қолданып немесе қолдану әрекеті арқылы жасалған бұзақылық -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 257-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

258-бап. Тағылық

Тағылық, яғни үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру -

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 258-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-тарау. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар

259-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату

1. Алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатынсыз өте ірі мөлшерде заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2-1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында ірі мөлшерде заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу -

мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу, дайындау, ұқсату, жөнелту мақсатында заңсыз иемденіп алуды, тасымалдауды немесе сақтауды не өткізуді:

а) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаса;

б) әлденеше рет;

в) есірткі заттарға немесе психотроптық заттарға қатысты өте ірі мөлшерде;

г) лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу, дайындау, ұқсату, жөнелту мақсатында заңсыз иемденіп алуды, тасымалдауды немесе сақтауды не өткізуді:

а) ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаса;

б) білім беру ұйымдарында жасаса;

в) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп, өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өз еркімен тапсырған немесе есірткі

заттарды медициналық емес мақсатта тұтынуына байланысты медициналық көмек көрсетілуі үшін медициналық мекемеге өз еркімен барған және есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды ашуға немесе олардың жолын кесуге, оларды жасаған адамдарды әшкерелеуге, қылмыстық жолмен алынған мүлікті табуға белсенді көмек көрсеткен адам осы бап және осы Кодекстің 250-бабы (есірткі немесе психотроптық заттарға қатысты бөлігінде) бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Есірткі заттар мен психотроптық заттардың мөлшері "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қоса берілген Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды және прекурсорларды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестеде белгіленеді.

Ескерту. 259-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2002.05.31 N 327 , 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

260-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу

1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу - үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
2. Нақ сол әрекеттерді:
 - а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаса;
 - б) әлденеше рет;
 - в) адам өзінің қызмет бабын пайдалану арқылы;
 - г) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалса - мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, оларды:
 - а) ұйымдасқан топ;
 - б) ірі мөлшерде есірткі заттар немесе психотроптық заттар жөнінде;
 - в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалса - мүлкін тәркілеп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген өте ірі мөлшерде есірткі немесе психотроптық заттарға қатысты жасалған әрекеттер, - мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп, өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 260-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

261-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру

1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
2. Нақ сол әрекет:
 - а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып;
 - б) әлденеше рет жасалса, - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер:
 - а) көрінеу кәмелетке толмаған адамға не екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса;
 - б) күш қолдану немесе оны қолданумен қорқыту арқылы жасалса, - жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, - мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп, өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 261-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

262-бап. Құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру

1. Өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу немесе өсіру немесе сораның, көкнәрдің немесе құрамында есірткі заттар бар басқа да өсімдіктердің сорттарын өсіру - бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып;

б) әлденеше рет;

в) ірі мөлшерде жасалса -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 262-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

263-бап. Улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы

1. Есірткі заттар немесе психотроптық заттар болып табылмайтын улы заттарды не оларды дайындауға немесе ұқсатуға арналған құрал-саймандарды немесе жабдықтарды өткізу мақсатымен заңсыз дайындау, ұқсату, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, сол сияқты заңсыз өткізу, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды дайындау немесе ұқсату үшін пайдаланылатын заттарды, құрал-саймандарды немесе жабдықтарды өткізу мақсатымен заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, сол сияқты заңсыз өткізу, - алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, бір адамның немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобының осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген немесе әлденеше рет жасаған әрекеттері, -

бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Ұйымдасқан топ жасаған, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 263-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.05.05 N 47, өзгеріс енгізілді - 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

264-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жай беру

1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе

ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жай беру -

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған, немесе әлденеше рет жасалған, немесе ұйымдасқан топпен жасалған дәл сол әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 264-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

265-бап. Есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды ұстау ережелерін бұзу

1. Есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды өндіру, жасау, ұқсату, сатып алу, сақтау, есепке алу, босату, тасымалдау, әкелу, әкету, жөнелту не жою ережелерін бұзу, егер бұл әрекетті аталған ережелерді сақтау міндетіне кіретін адам жасаса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Есірткі заттардың, психотроптық немесе улы заттардың ұрлануына не өзге елеулі зиян келтірілуіне әкеп соққан дәл сол әрекет -

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 265-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

266-бап. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау

1. Қызметтің осы түріне сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның медициналық немесе фармацевтикалық қызметпен айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, -

айлық есептік көрсеткіштің жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адам өліміне әкеп соқтырған әрекет, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, лауазымды адам жасаған, адам өліміне әкеп соқтырған әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынып, үш жылға

дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 266-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

267-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу

1. Абайсызда адамдардың жаппай сырқаттануына немесе улануына әкеп соққан санитария-эпидемиологиялық ережелерді бұзу -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 267-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

268-бап. Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру

1. Адамдардың өміріне немесе денсаулығына, не қоршаған ортаға қауіп төндіретін оқиғалар, фактілер немесе құбылыстар туралы ақпаратты халықты осындай ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті адамның жасыруы немесе бұрмалауы -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 268-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

269-бап. Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету

1. Тұтынушылар өмірінің немесе денсаулығының қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыс орындау не қызмет көрсету, сол сияқты аталған тауарлардың, жұмыстың немесе қызметтің қауіпсіздік талаптарына сай келетіндігін куәландыратын ресми құжатты заңсыз беру немесе пайдалану, егер бұл әрекеттер абайсызда адам өміріне зиян келтіруге әкеп соқса -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер, егер олар:

а) жас балаларға арналған тауарлар, жұмыс немесе қызмет жөнінде жасалса;

б) абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына зиян келтірілуіне әкеп соқса;

в) абайсызда кісі өліміне әкеп соқса -

жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекеттер -

төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
Ескерту. 269-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

269-1-бап. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру

1. Ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті ұйымдастыру, сол сияқты ойын мекемесін көрінеу заңсыз ашу не ойын бизнесін ұйымдастыру үшін үй-жайлар беру -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) кәмелетке толмаған адамды пайдаланып немесе оның құмар ойындарына қатысуымен;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

в) ірі мөлшерде табыс алумен жасалған болса;

г) оларды өзінің қызмет жағдайын пайдаланған адам жасаған болса, -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) ұйымдасқан топ;

б) аса ірі мөлшерде табыс алумен;

в) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам өзі немесе сенімді адамы арқылы заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан жасаған болса, егер бұл әрекеттер мұндай қызметте жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзге нысандағы қамқоршылығымен байланысты болса, -

үш мыңнан он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта ірі мөлшердегі табыс деп бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы табыс, ал аса ірі мөлшердегі табыс деп бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы табыс танылады.

Ескерту. Кодекс 269-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

270-бап. Жезөкшелікпен айналысуға тарту

1. Күш қолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқыту, тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою немесе бүлдіру арқылы не алдау жолымен жезөкшелікпен айналысуға тарту -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұйымдасқан топ жасаған не бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 270-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

271-бап. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық

1. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау, сондай-ақ пайдакүнемдік мақсаттағы жеңгетайлық -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұйымдасқан топ жасаған не бірнеше рет жасалған нақ сол әрекеттер - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 271-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

272-бап. Дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау

1. Есірткі заттарға немесе психотроптық заттарға жатпайтын дәрілік немесе басқа құралдар мен заттарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау, сол сияқты осы мақсаттар үшін үй-жай беру -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топ жасаса - екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 272-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

273-бап. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату

Порнографиялық материалдарды немесе заттарды тарату немесе жарнамалау мақсатында заңсыз жасау, тарату, жарнамалау, сол сияқты порнографиялық сипаттағы баспа басылымдарын, кино- немесе бейнематериалдарды, суреттерді немесе өзге де заттарды заңсыз сату -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не порнографиялық материалдарды немесе заттарды, сол сияқты оларды жасау немесе молықтыру құралдарын тәркілеп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 273-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

273-1-бап. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды жасау және айналымға шығару не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту

1. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды тарату, жария көрсету немесе жарнамалау мақсатында жасау, сақтау немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу не тарату, жария көрсету немесе жарнамалау - порнографиялық материалдарды немесе заттарды, сондай-ақ оларды жасау немесе қайта көрсету құралдарын тәркілеп, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Жасы он сегізге толған адамның порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін орындаушылар ретінде кәмелетке толмағандарды тартуы, -

порнографиялық материалдарды және заттарды, сондай-ақ оларды жасау немесе қайта көрсету құралдарын тәркілеп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

а) кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам жасаған;

б) көрінеу жасы он төртке толмаған адамға қатысты жасалған;

в) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз порнографиялық материалдарды немесе заттарды, сондай-ақ оларды жасау немесе көшірмесін шығару құралдарын тәркілеп, бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 273-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

274-бап. Қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату

Қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын кино- және бейне материалдарды және басқа туындыларды тарату немесе жарнамалау мақсатында заңсыз жасау, таратуды, жарнамалау, көрсету, сондай-ақ қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын баспа басылымдарын, кино- немесе бейне материалдарды заңсыз сату -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды, сол сияқты оларды жасау немесе молықтыру құралдарын тәркілеп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 274-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

275-бап. Өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау

1. Өлгендердің мәйіттерін қорлау не олар жерленген жерлерді, құлпытас құрылыстарын немесе жерлеуге немесе еске алуға байланысты рәсімдер өткізуге арналған зират үйлерін жою, бүлдіру немесе аяққа басу -

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттерді:

а) әлденеше рет;

б) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

в) ұлттық, нәсілдік немесе діни өштік не араздық тұрғысында;

г) күш қолдану немесе оны қолданумен қорқыту арқылы жасалса -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады.

Ескерту. 275-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18

№ 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

275-1-бап. Адам мәйітінің органдары мен тінін заңсыз алу

1. Ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адам мәйітінің органдарын немесе тінін заңсыз алу, сол сияқты адам мәйітінің органдары мен тініне қатысты мәмілелер жасасу - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекеттер:

а) адамдар тобымен, алдын ала сөз байласуы бойынша адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен;

б) бірнеше рет;

в) өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып жасалғанда, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 275-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.03.02 N 131 Заңымен.

276-бап. Жануарларға қатыгездік жасау

1. Жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан қатыгездік жасау, егер бұл әрекет бұзақылық пиғылмен немесе жауыздық әдістерді қолданып немесе жас балалардың көзінше жасалса -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, немесе ұйымдасқан топ жасаған, немесе бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет -

бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 276-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21. N 363 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-тарау. Экологиялық қылмыстар

277-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы

Табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін

жауапты адамдардың бұзуы, егер бұл қоршаған ортаның едәуір ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып не онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

278-бап. Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы

1. Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы, егер бұл әрекеттер адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қаупін төндірсе -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қоршаған ортаның ластануына, улануына немесе зақымдануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, не өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне әкеп соққан, сол сияқты төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсыздан адамдардың жаппай сырқаттануына немесе кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 278-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

279-бап. Микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы

1. Микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттерді немесе токсиндерді жинап қою, жою немесе көму кезінде экологиялық талаптарды бұзу немесе оларды Қазақстан Республикасына ұқсату, сақтау немесе көму үшін заңсыз әкелу, егер бұлар адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қатерін туғызса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қоршаған ортаның ластануына, улануына немесе зақымдануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, не өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне әкеп соққан, сол сияқты төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда адамдардың жаппай ауруына немесе кісі өліміне әкеп соққан әрекет -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 279-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

280-бап. Ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы

1. Ветеринарлық ережелерді бұзу індеттерге немесе өзге де зардаптарға әкеп соқса - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелерді бұзу, ауыр зардаптарға әкеп соқса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 280-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

281-бап. Суларды ластау, бітеу және сарқу

1. Жер беті немесе жер асты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, бітеу, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер осы әрекеттер өсімдіктер немесе жануарлар дүниесіне, балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 281-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09. N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

282-бап. Атмосфераны ластау

1. Атмосфераға ластайтын заттар шығару ережелерін немесе қондырғыларды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалану ережелерін бұзу, егер бұл әрекеттер аса ірі мөлшерде зиян келтірумен ұштасып, ауаның табиғи қасиеттерінің ластануына немесе өзге де өзгеруіне әкеп соқса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол әрекет -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 282-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

283-бап. Теңіз аясын ластау

1. Құрғақтағы көздерден не көлік құралдарынан немесе теңізде тұрғызылған жасанды құрылыстардан адамның денсаулығы мен теңіздің жанды ресурстары үшін зиянды не теңіз аясын заңды пайдалануға кедергі келтіретін заттар мен материалдарды көму немесе тастау ережелерін бұзу салдарынан теңіз аясын ластау -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамның денсаулығына, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесіне, балық қорына, қоршаған ортаға, демалыс аймақтарына не басқа да заңмен қорғалатын мүдделерге елеулі зиян келтірген дәл сол әрекеттер -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан нақ сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 283-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

284-бап. Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфі туралы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы

1. Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфінде заңсыз құрылыстар тұрғызу, олардың айналасына немесе Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағында қауіпсіздік аймақтарын заңсыз құру, сол сияқты салынған құрылыстардың және теңіздегі кеме жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарын салу, пайдалану, күзету мен жою ережелерін бұзу -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфінің немесе Қазақстан Республикасы айрықша экономикалық аймағының табиғи байлықтарына тиісті рұқсатсыз жүргізілген зерттеу, барлау, игеру -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. 284-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

285-бап. Жерді бұлдіру

1. Жерді улау, ластау немесе улы химикаттарды, тыңайтқыштарды, өсімдіктердің өсуін, ынталандырғыштарды және өзге де қауіпті химиялық, радиоактивтік немесе биологиялық заттарды сақтау, пайдалану, тасымалдау және көму кезінде оларды ұстау ережелерін бұзу салдарынан шаруашылық немесе өзге қызметтің зиянды өнімдерімен білдіру, адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, жердің табиғи қасиеттерінің нашарлауына әкеп соқса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әрекеттер - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 285-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 , 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

286-бап. Жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу

1. Кен өндіру кәсіпорындарын немесе пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын жобалау, орналастыру, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда өз бетінше құрылыс салу, егер бұл әрекеттер едәуір зиян келтіруге әкеп соқса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Жер қойнауын пайдаланудың барлық сатыларында жалпы экологиялық талаптарды бұзу, егер бұл әрекеттер өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне, мемлекетке ірі көлемде нұқсан, халықтың денсаулығына зиян келуіне әкеп соқса -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, абайсызда адамдардың жаппай ауыруына немесе кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 286-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

287-бап. Балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз) Заңымен.

1. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу, егер бұл әрекет:

а) елеулі зиян келтіре отырып;

б) жарылғыш және химиялық заттарды, электр тогын, не балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың өзге де тәсілдерін қолдана отырып жасалса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) бірнеше рет;
- б) балықтардың бекіре тұқымдас түрлеріне қатысты;
- в) ұрық шашу орындарында немесе оларға бару жолдарында;
- г) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;
- д) адамдар тобы алдын ала сөз байласып;
- е) өздігінен жүретін жүзгіш көлік құралы пайдаланылып;
- ж) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және төтенше экологиялық жағдай аумақтарында жасалса, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ірі зиян келтіре отырып жасалған не ұйымдасқан топ жасаған әрекет, -

сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 287-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

288-бап. Заңсыз аңшылық

1. Заңсыз аңшылық, егер бұл әрекет:

- а) **алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**
- б) механикалық көлік құралын немесе әуе көлігін, жарылғыш заттарды, газдарды және жануарларды жаппай қырып-жоюдың өзге әдістерін қолданып;
- в) **алып тасталды - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**
- г) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен төтенше экологиялық ахуал аймақтарында жасалса - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып әлденеше рет немесе адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ жасаған дәл сол әрекет -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі зиян келтіріп не ұйымдасқан топ жасаған әрекет -

сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы тараудың баптарында қылмыс жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асып түсетін және одан да көп залал мөлшері елеулі залал деп танылады. Қылмыс жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен үш жүз есе асып түсетін және одан да көп залал ірі көлемдегі залал деп танылады. Қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен елу мың есе асып түсетін және одан да көп залал аса ірі залал деп танылады.

Ескерту. 288-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09. N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

289-бап. Жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу

Өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарды қолдану кезінде, сондай-ақ аңшылық алаптары мен балық шаруашылығы тоғандарын пайдалану мен қорғау барысында жануарлар дүниесін қорғау ережелерінің бұзылуы салдарынан жануарлар дүниесінің жаппай жойылуы немесе қырылуы ірі шығынға соқтырса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 289-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

290-бап. Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен, сондай-ақ алып қойылуына тыйым салынған өсімдіктермен және жануарлармен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен заңсыз іс-әрекеттер

Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын, сондай-ақ пайдаланылуына тыйым салынған өсімдіктер мен жануарларды және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын заңсыз алу, сатып алу, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау, сол сияқты жою немесе олар мекендейтін жерлерді жою, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 290-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

291-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу

1. Орман қорында ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, сол сияқты өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдау, егер бұл әрекеттер елеулі зиян келтірсе, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;

в) ірі зиян келтіріле отырып жасалса, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 291-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

292-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау

1. Отты немесе өзге де қауіптілігі жоғары көздерді ұқыпсыз қолдану салдарынан ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпе ағаштарды жою немесе зақымдау, егер осы әрекет аса ірі залал келтірсе -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпе ағаштарды өртеу, өзге де жалпы қауіпті әдіспен не зиянды заттармен, қалдықтармен, тастандылармен немесе қоқыстармен ластау салдарынан қасақана жою немесе зақымдау -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 292-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

293-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимі бұзылып, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса,

-

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға

дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қасақана зақымдау немесе жою, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 293-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

294-бап. Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау

Экологиялық ластануға ұшыраған жерлерде зарарсыздандыру немесе өзге де қалпына келтіру шараларын жүргізу міндеті жүктелген адамдардың осындай шараларды жүргізуден жалтаруы немесе тиісінше жүргізбеуі адам өліміне, не адамдардың жаппай ауыруына, не қоршаған орта үшін өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса -

бес жүзден мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

12-тарау. Көліктегі қылмыстар

295-бап. Темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу

1. Темір жол, әуе, теңіз немесе су жолы көлігі қозғалысы немесе пайдалану ережелерін орындайтын жұмысына немесе атқаратын қызметіне байланысты осы ережелерді сақтауға міндетті адамның бұларды бұзуы, егер бұл әрекет абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса -

алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекет, егер ол осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген зардаптардың тууына әкеп соқпаса да олардың тууына көрінеу қауіп төндірсе, -

бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Темір жол, теңіз, өзен және әуе көлігі құралдарының барлық түрлері, оның ішінде шағын өлшемді теңіз және өзен кемелері көлік деп түсініледі.

Ескерту. 295-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05. N 47 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

296-бап. Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы

1. Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірсе -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта тракторлар, мотоциклдер және өзге де өздігінен жүретін машиналар басқа механикалық көлік құралдары деп түсініледі.

Ескерту. 296-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

297-бап. Жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу

Көлік құралын жүргізуші және жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзған адамның осы Кодекстің 295-бабында көзделген зардаптар болған жағдайда жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Зардап шеккендерге көмек көрсетуге байланысты жол-көлік оқиғасы болған жерден кеткен адам осы бап бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 297-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

298-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару, мас күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберу

1. Көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге көлік жабдықтарын сапасыз жөндеу, сол сияқты көлік құралдарының техникалық күйіне жауапты адамның техникалық ақауы бар екені белгілі көлік құралдарын пайдалануға шығаруы, егер бұл әрекеттер абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтірсе, -

төрт жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз

сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көлік құралы иесінің немесе иеленушісінің алкогольдік, есірткілік немесе өзге мастық күйдегі адамдарды көлік құралдарын жүргізуге жіберуі, егер бұл абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, -

төрт жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекеттер -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 298-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

299-бап. Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру

1. Көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге де көлік жабдықтарын қасақана бұзу, зақымдау немесе өзге де тәсілмен пайдалануға жарамсыз күйге келтіру, сол сияқты көлік коммуникацияларына тосқауыл қою, егер бұл әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге, не ірі көлемде залал келтіруге не көлікпен байланыстың қалыпты жұмысы бұзылуына әкеп соқса -

төрт жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекеттер -

алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы тараудың баптарында азаматқа айлық есептік көрсеткіштен жүз еседен асып түсетін мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке қылмыс жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мөлшерде келтірілген залал ірі көлемдегі залал деп танылады.

Ескерту. 299-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

300-бап. Көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу

1. Жолаушының, жаяу адамның немесе жол қозғалысының басқа қатысушысының (осы Кодекстің 295, 296-баптарында аталған адамдарды қоспағанда) жол қозғалысы қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет абайсызда адам денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса -

жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 300-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

301-бап. Поезды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату

Поезды стоп-кранмен не ауа тежегіш магистральдарын ажырату жолымен немесе өзге әдіспен қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату, егер бұл кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

екі жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

302-бап. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу

1. Жол, құрылыс және басқа да ұйымдарда басқару функцияларын атқаратын және жолдар мен жол құрылыстарын, олардың жабдықтарын пайдалануға, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастыруға жауапты адамдардың, денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірген, осындай әрекетті жасағаны үшін оған бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адамның көлікте қолданылатын тәртіпті сақтау және қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзуы, -

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамның өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 302-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

303-бап. Магистралдық труба құбырларын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу

1. Магистралдық труба құбырларын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер бұл әрекет абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге не ірі залал келтіруге әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 303-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

304-бап. Құбырларды қасақана зақымдау немесе қирату

1. Құбырларды, оның ішінде мұнай-газ құбырларын қасақана зақымдау немесе қирату, - екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік тәркіленіп, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

а) абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса;

б) бірнеше рет жасалса;

в) адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаса, -

қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік тәркіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекет:

а) қоршаған ортаны ластауға әкеп соқса;

б) ірі залал келтіруге әкеп соқса;

в) ұйымдасқан топ жасаса;

г) абайсызда адам өліміне әкеп соқса, -

сотталған адамның мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, сондай-ақ қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 304-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

304-1-бап. Құбырларды абайсызда зақымдау немесе қирату

1. Құбырларды, оның ішінде мұнай-газ құбырларын, белгіленген пайдалану режимінен ауытқуына әкеліп соққан не адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтірудің нақты қатерін төндірген, абайсызда зақымдау немесе қирату, -

айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

а) абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге;

б) қоршаған ортаны ластауға;

в) ірі залал келтіруге;

г) абайсызда адам өліміне әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 304-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

305-бап. Кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі

1. Теңізде немесе өзге де су жолында апатқа ұшыраған адамдарға кеме капитанының, егер осы көмек көрсету өзінің кемесіне, оның экипажы мен жолаушылары үшін елеулі қауіп келтірмейтін болғанда, көмек көрсетпеуі -

екі жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Теңізде немесе су жолында соқтығысқан кемелердің бірінің капитанының басқа кемеңі құтқару үшін тиісті шаралар қолданбауы абайсызда кемеңің опат болуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, егер бұл шараларды өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірмей қолдану мүмкін болса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ескерту. 305-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

306-бап. Ұшудың халықаралық ережелерін бұзу

1. Рұқсатта көрсетілген маршруттарды, қону орындарын, әуе қақпаларын, ұшу биіктігін сақтамау немесе халықаралық ұшу ережелерін өзге де бұзу -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер - үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Заң 306-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-тарау. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар

Ескерту. Тараудың атауына өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484 Заңымен.

307-бап. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе

мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, -

екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан не ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) мүддесінде жасалған әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға лауазымды адамдар, Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, судьялар және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

2. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;

2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар теңестіріледі.

3. Тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкіметтің өкілі қызметін жүзеге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар лауазымды адамдар деп танылады.

4. Мемлекет қызметтерін және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің саяси лауазымдарын атқаратын адамдар жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар деп түсініледі.

5. Осы Кодекстің 176-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 177-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 192-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 193-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 209-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 226-1-бабы үшінші бөлігінің б) тармағында, 307-бабында, 308-бабы төртінші бөлігінің в) тармағында, 310 - 315-баптарында, 380-бабында, 380-1-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 380-2-бабында көзделген қылмыстар сыбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.

Ескерту. 307-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.09.25 N 484, өзгеріс енгізілді - 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.01 N 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

307-1-бап. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалған операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты заңсыз жария ету немесе өзгедей заңсыз пайдалану

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалған операциялар туралы қаржы мониторингі субъектілерінен алынған мәліметтер мен ақпаратты заңсыз жария етуі немесе өзгедей заңсыз пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 13-тарау 307-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

308-бап. Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану

1. Билікті не лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер жасауы -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

үш жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер не ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әрекеттер:

а) күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы;

б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолдану арқылы;

в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 308-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.09.25 N 484, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

309-бап. Лауазымды адамның өкілеттігін иемдену

Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің лауазымды адамның өкілеттігін иемденуі және соған байланысты оның жасаған әрекеті азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 309-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

310-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

1. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзінің немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер осы әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер және артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы қамқоршылыққа байланысты болса, -

екі жүзден төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекеттер, -

екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымдағы адам жасаған әрекеттер, -

төрт мыңнан алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Лауазымды адамның мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерге лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерді беруге әкеп соққан іс-әрекеттер жасауы, -

екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға жазаланады.

Ескерту. 310-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

310-1-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау

1. Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарай шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей заңсыз араласу, егер бұл әрекеттерді мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне ірі залал келтіруге әкеп соқса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттерді:

- а) лауазымды адам;
- б) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы;
- в) ұйымдасқан топ жасаса, -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сағаттан жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

- а) жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам;
- б) аса ірі мөлшерде;
- в) ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) мүддесінде жасаса, -

екі мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз елу сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не мүлкі тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы бапта азаматқа айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асатын сомада келтірілген залал, не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада келтірілген залал ірі залал деп танылады.

2. Қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал аса ірі залал деп танылады.

Ескерту. 13-тарау 310-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

311-бап. Пара алу

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның, өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы өзі немесе басқа адамдар үшін пайда түрінде пара алуы, егер, мұндай іс-әрекет (әрекетсіздік) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса не ол қызметтік жағдайына байланысты осындай іс-әрекетке (әрекетсіздікке) мүмкіндік жасаса, сол сияқты жалпы қамқоршылығы немесе қызметі бойынша жол

берсе, -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адамның нақ сол әрекеттерді жасауы, сол сияқты заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздігі) үшін пара алуы -

жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, мүлкі тәркіленіп үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқарушы адам жасаған әрекеттер -

жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, мүлкі тәркіленіп бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

а) қорқытып алу жолымен;

б) адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ;

в) ірі мөлшерде;

г) әлденеше рет жасалса -

мүлкін тәркілеп жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны ірі мөлшердегі пара деп танылады.

2. Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның бірінші рет сыйлық ретінде мүлік, мүлікке немесе өзге мүліктік пайдаға құқық алуы бұрын жасалған заңды әрекеті (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған жағдайда маңызы аз екендігіне байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік ретпен қудаланады.

3. Екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны аса ірі мөлшердегі пара болып танылады.

4. Осы Кодекстің осы бабына және 312-бабына қатысты лауазымды адамдарға осы Кодекстің 307-бабының ескертулерінде көрсетілген лауазымды адамдар, сондай-ақ шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдары жатады.

Ескерту. 311-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2003.09.25 N 484, 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

312-бап. Пара беру

1. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға тікелей немесе делдал арқылы пара беру, -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адамға пара беру, сол сияқты көрінеу заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны

үшін пара беру, -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамға пара беру, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер оларды:

а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ;

б) ірі мөлшерде;

в) әлденеше рет жасаса, -

мүлкі тәркіленіп жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға оның бұрын жасаған заңды іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты алғаш рет беру, егер мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам жасаған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның тарапынан оған қатысты қорқытып пара алу орын алған болса немесе ол адам пара бергені туралы қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 312-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 308, өзгеріс енгізілді - 2009.04.07 N 149-IV, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

313-бап. Парақорлыққа делдал болу

1. Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Әлденеше рет немесе ұйымдасқан топ, немесе адам өзінің қызмет жағдайын пайдалана отырып жасалған дәл сол әрекет -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не алты жылға дейін мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 313-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

314-бап. Қызметтік жалғандық жасау

1. Қызметтік жалғандық жасау, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі, сол сияқты аталған құжаттарға олардың шын мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі, не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса, -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді, егер оларды жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаса, -

төрт мыңнан алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 314-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.09.25 N 484, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

315-бап. Қызметтегі әрекетсіздік

1. Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, -

екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, -

төрт мыңнан алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 315-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.09.25 N 484, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07

№ 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 № 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

316-бап. Салақтық

1. Салақтық, яғни лауазымды адамның қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан өз міндеттерін орындамауы немесе лайықты орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған дәл сол әрекет - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 316-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 № 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-тарау. Басқару тәртібіне қарсы қылмыс

317-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қорлау

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қорлау -

бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 317-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.06.28 № 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

317-1-бап. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған нақ сол әрекеттер, – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау мақсатында оған немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне қандай да болсын нысанда ықпал ету –

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 317-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.14 № 290-IV Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

317-2-бап. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына ешкімнің тиіспеушілігі кепілдігін бұзу

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне ешкімнің тиіспеушілігі кепілдігін, оның ішінде мүлкіне, тұрғын және қызметтік үй-жайларына, жеке және қызметтік көлік құралдарына, хат-хабарларына, олар пайдаланатын байланыс құралдарына қол сұғылмаушылық кепілдігін, банктік шоттарының банктік құпиялығы мен қол сұғылмаушылығы, сондай-ақ оларға тиесілі құжаттарға қол сұғылмаушылық кепілдігін қандай да болсын нысанда бұзу, –

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 317-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.14 № 290-IV Заңымен.

318-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау

1. Қазақстан Республикасы Президентін жария қорлау немесе оның ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасаған дәл сол әрекет -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатында оған немесе оның жақын туыстарына қандай да болсын нысанда ықпал ету -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Қазақстан Республикасы Президентінің жүргізіп отырған саясаты туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауапқа тартуға әкеп соқпайды.

Ескерту. 318-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

319-бап. Депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын оның депутаттық міндеттерін атқару кезінде немесе оны атқаруға байланысты жария қорлау -

жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасаған дәл сол әрекет -

үш жүз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатында оған немесе оның жақын туыстарына қандай да болсын нысанда ықпал ету -

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Парламент депутатының депутаттық қызметі туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Ескерту. 319-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

319-1-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне кедергі жасау

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасау мақсатында қандай да болмасын нысанда араласу, -

екі жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған нақ сол әрекет, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 319-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

320-бап. Өкімет өкілін қорлау

1. Өкіметтің өкілін оның өз қызметтік міндетін атқару кезінде немесе оны атқаруына байланысты жария қорлау -

жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасаған дәл сол әрекет -

үш жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Осы Кодекстің осы бабында және басқа да баптарында өкіметтің өкілдері деп, оған қызмет жағынан тәуелсіз адамдарға қатысты заңмен белгіленген тәртіпте өкім ету өкілеттігі берілген мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы танылады.

2. Өкімет өкілінің қызметтік жұмысы туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Ескерту. 320-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

321-бап. Өкімет өкіліне қатысты күш қолдану

1. Өкімет өкілінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты оған немесе оның жақындарына қатысты өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз күш қолдану немесе күш қолданбақ болып қорқыту -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға қатысты өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 321-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

321-1-бап. Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау

Прокурорлық қадағалау актілерін орындамау, сол сияқты оның қызметіне кедергі жасау, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, -

бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 321-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.08.09 N 346 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

322-бап. Жауапты мемлекеттік лауазымды иеленуші лауазымды адамға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды иеленуші лауазымды адамға, сондай-ақ оның туыстарына қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді, осы мәліметтер сеніп тапсырылған немесе оның қызметтік іс-әрекетіне байланысты белгілі болған адамның жария етуі -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол әрекет ауыр зардаптарға әкеп соқса -
бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 322-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

323-бап. Ресми құжаттарды және мемлекеттік наградаларды сатып алу немесе өткізу

Құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын ресми құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының немесе КСРО Мемлекеттік наградаларын заңсыз сатып алу немесе өткізу -
жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 323-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

324-бап. Құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді ұрлау немесе бүлдіру

1. Азаматтың төлқұжатын, жеке басының куәлігін немесе жеке басының басқа маңызды құжатын ұрлау -
жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Пайдакүнемдік мақсатта немесе өзге де жеке бастың мүддесінде ресми құжаттарды, мөртаңбаларды, немесе мөрлерді ұрлау, жою, бүлдіру немесе жасыру -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 324-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

325-бап. Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, мөрқағаздарды, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу

1. Құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын куәлікті немесе өзге де ресми құжатты қолдан жасау, не мұндай құжатты өткізу, сол сияқты қолдан жасалған мөртаңбаларды, мөрлерді, мөрқағаздарды, Қазақстан Республикасының немесе КСРО-ның мемлекеттік наградаларын дайындау немесе сату -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған дәл сол әрекеттер -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Көрінеу жалған құжатты пайдалану -

жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 325-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

326-бап. Әскери қызметтен жалтару

1. Осы қызметтен босату үшін заңды негіздер болмаған кезде әскери қызметке шақырудан жалтару -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) өзінің денсаулығына зиян келтіру арқылы;

б) ауруды сылтаурату жолымен;

в) құжаттарды бұрмалау немесе өзге де алдау арқылы жасалса -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Егер әскерге шақырылушы тергеу органы істі сотқа бергенге дейін әскерге шақыру пунктіне өз еркімен келсе, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. 326-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

327-бап. Өзінше билік ету

1. Өзінше билік ету, яғни заңмен белгіленген тәртіпке қарамастан, басқа тұлғаның немесе ұйымдардың таласын туғызатын, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі түрде зиян келтіретін өзінің нақты немесе болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асыруы -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Күш қолданумен немесе оны қолданбақ болып қорқытумен жасалған дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған, не ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер -

екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 327-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

328-бап. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын өкімет өкілінің немесе лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын өкімет өкілінің немесе лауазымды адамның атағын өз бетінше иелену осы негізде қылмыс жасаумен ұштасса -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Билік өкілеттіктерін алу мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 328-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.07.08 N 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

329-бап. Мемлекеттік туды заңсыз көтеру

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын сауда кемесінде заңсыз көтеру - жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға жазаланады.

Ескерту. 329-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

330-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан әдейі заңсыз өту

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан белгіленген құжатсыз және тиісті рұқсатсыз әдейі заңсыз өту -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен, не күш қолданумен немесе оны қолданбақ болып қорқытумен жасалған дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 330-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.02.22 N 296 , 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

330-1-бап. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау

Шетел азаматының және азаматтығы жоқ адамның оған қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімді орындамауы, оған бір жыл ішінде дәл осындай әрекет жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, -

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 330-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.03.16 N 164 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

330-2-бап. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру

1. Көлік құралдарын не жалған құжаттар, не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ азаматтарға, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша заңсыз келу, кету, өту үшін өзге де қызметтер көрсету жолымен заңсыз көші-қонды ұйымдастыру - екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл осы әрекетті ұйымдасқан топ жасаса не өзінің қызмет өкілеттігін пайдаланып жасаса

-
бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 330-2-баппен толықтырылды - ҚР 2002.02.22 N 296 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

330-3-бап. Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзу

1. Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды жұмыс берушінің жұмысқа бірнеше рет қабылдауы - бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзуы -

жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен тоғыз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз қырық сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 330-3-баппен толықтырылды - ҚР 2002.02.22 N 296 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

331-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қарсы өзгерту

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қарсы өзгерту мақсатында шекаралық белгілерді алып тастау, орнын ауыстыру немесе жою -

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған немесе ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер - төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 331-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

332-бап. Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест эмблемалары мен белгілерін заңсыз пайдалану

Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест эмблемалары мен айырым белгілерін, сол сияқты Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест атауын заңсыз пайдалану -

жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 332-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

333-бап. Байланыс желілерін, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзету қағидаларын бұзу және орындамау

1. Қалааралық байланыстың кабель желісінің бүлінуіне әкеп соқтырған байланыс желілерін күзету қағидаларын бұзу, егер ол байланыстың үзілуіне алып келсе, -

жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ғимараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бұзу, егер бұл оларды басып алуға немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған болса, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 333-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

334-бап. Жиналыстарды, митингтерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу

1. Жиналыс, митинг, пикет, көше шеруін немесе демонстрация ұйымдастырушының жиналыстарды, митингтерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзуы, егер бұл әрекет көлік жұмысының бұзылуына алып келсе, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде зиян келтірсе -

жүз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Жиналысты, митингті, пикетті, көше шеруін немесе демонстрацияны ұйымдастырушы жасаған заңсыз жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін, және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу, сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингтерге, пикеттерге, көше шерулеріне немесе демонстрацияларға белсене қатысу, егер бұл әрекеттер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген зардаптарға алып келсе -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 334-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

335-бап. Төтенше жағдайлар кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық жасау, кәсіпорынның, ұйымның жұмысына кедергі келтіру

Төтенше жағдайлар кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық жасау, сол сияқты осындай жағдайда ұйымдардың жұмысына кедергі келтіру -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 335-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

336-бап. Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы

1. Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың заңды қызметіне кедергі жасауы немесе мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдардың функцияларын иемденуі, сол сияқты мемлекеттік органдарды саяси партиялар ұйымдарын құру, егер бұл әрекеттер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Қоғамдық бірлестіктің басшысы жасаған дәл сол әрекеттер -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 336-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

337-бап. Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру немесе олардың қызметіне қатысу

1. Қызметі азаматтарға зорлық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуға немесе құқыққа қарсы өзге де әрекеттер жасауға түрткі болған діни немесе қоғамдық бірлестіктер құру немесе оған басшылық жасау, сол сияқты діни негіздегі партия, не Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар құру немесе оған басшылық жасау -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, таптық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде жүзеге асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық жасау -

екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде аталған бірлестіктердің қызметіне белсене қатысу -

жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 337-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2005.07.08 N 67-III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

337-1-бап. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру

1. Қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметін ұйымдастыру, -

үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қоғамдық немесе діни бірлестікке немесе өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметіне қатысу, -

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Қоғамдық немесе діни бірлестікке не өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болғанда олардың қызметіне қатысуды өз еркімен оқытқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескерту. Кодекс 337-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 67 -III (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N

490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

338-бап. Шет мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарына жәрдем көрсету

Басқа мемлекеттердің саяси партияларын немесе кәсіптік одақтарын қаржыландыру, үй-жай немесе мүлік беру, сол сияқты өзге де жәрдем көрсету, егер бұл әрекеттер азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің, не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соқса -

үш жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 338-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-тарау. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар

339-бап. Сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізуге кедергі жасау

1. Сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатында соттың қызметіне қандай да болмасын нысанда араласу -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Істі жан-жақты, толық және объективті тергеуге кедергі жасау мақсатында қандай да болмасын нысанда прокурордың, тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның қызметіне араласу -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған әрекеттер -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, немесе онсыз осындай мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 339-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

340-бап. Сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу

Судьяға, алқабиге, прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүзеге асырушы адамға,

қорғаушыға, сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына, сол сияқты олардың туыстарына істің немесе материалдардың сотта қаралуына, алдын ала тергеу жүргізілуіне, не үкімді орындауға, соттың шешіміне немесе өзге сот актілеріне байланысты аталған тұлғалардың заңды қызметіне кедергі жасау, не істеген қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған олардың өміріне қол сұғу - он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 340-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 175-IV Заңдарымен.

341-бап. Сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері

1. Істің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға, алқабиге, сол сияқты олардың туыстарына қатысты өлтіремін деп, денсаулыққа зиян келтірумен, мүлкін бұлдірумен немесе жоюмен қорқыту -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Алдын ала тергеу жүргізілуіне, істің немесе материалдардың сотта қаралуына, не үкімнің орындалуына, соттың шешіміне немесе өзге сот актілеріне байланысты прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізетін адамға, қорғаушыға, сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына, сол сияқты олардың туыстарына қатысты жасалған дәл сол әрекет -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өмірі немесе денсаулығы үшін қауіпсіз күш қолдана отырып жасалған әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамдарға өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті күш қолдана отырып жасалған әрекеттер -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 341-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16. N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

342-бап. Сотты құрметтемеу

1. Сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан көрінген сотты құрметтемеу - жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Судьяны және (немесе) алқабиді қорлаудан көрінген дәл сол әрекет - екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 342-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**343-бап. Судьяға, алқабиге, прокурорға, тергеушіге,
алдын ала анықтауды жүргізуші адамға,
сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына
қатысты жала жабу**

1. Істің немесе материалдардың сотта қаралуымен байланысты судьяға немесе алқабиге қатысты жала жабу -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Алдын ала тергеу жүргізілумен, сот сараптамасы жүргізілуімен не үкімнің орындалуымен, соттың шешімімен немесе өзге сот актісімен байланысты прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізуші адамға, сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына қатысты жасалған дәл сол әрекет -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан әрекеттер -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 343-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.04 N 151 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

344-бап. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту

1. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан дәл сол әрекет - үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

345-бап. Қылмысты жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату

Прокурордың, тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның күдікті немесе қылмыс жасады деп айыпталған адамды қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босатуы - екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

346-бап. Көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау

1. Көрінеу заңсыз ұстау -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көрінеу заңсыз қамауға алу немесе қамауда ұстау -

төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан

әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 346-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

347-бап. Жауап беруге мәжбүр ету

1. Тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның тарапынан қорқыту, бопсалау немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттер қолданылу жолымен күдіктіні, айыпталған адамды, жәбірленушіні, куәгерді жауап беруге мәжбүр ету, сол сияқты адамның ерікті түрде жауап беруіне, жасалған қылмыс туралы өтініш беруіне кедергі келтіру не оны жауап беруден бас тартуға мәжбүр ету, не сарапшыны қорытынды беруге мәжбүр ету -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. (алып тасталды - 2002.12.21. N 363)

Ескерту. 347-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

347-1-бап. Қинау

Ескерту. Кодекс 347-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

348-бап. Айғақтарды және жедел-ізвестіру материалдарын бұрмалау

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Азаматтық іс бойынша іске қатысушы адамның немесе оның өкілінің айғақтарды бұрмалауы - бес жүз айлық есептік көрсеткіштен сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

1-1. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын орган қызметкерінің жедел-ізвестіру материалдарын бұрмалауы, -

екі жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1-2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға уәкілетті лауазымды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдерді бұрмалауы, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында алдын ала анықтау жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың , іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы маманның немесе қорғаушының айғақтарды бұрмалауы -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып ,үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қылмыстық іс бойынша ауыр немесе аса ауыр қылмыстар туралы, сол сияқты ауыр зардаптарға әкеп соққан айғақтарды бұрмалау -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 348-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

349-бап. Коммерциялық сатып алуға не сыбайлас жемқорлық қылмысқа арандату

1. Коммерциялық сатып алуға арандату, яғни коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару қызметтерін атқарушы адамға қылмыс жасау айғақтарын қолдан жасау не бопсалау мақсатында оның келісімінсіз ақша, мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беруге тырысу әрекеттері -

жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға арандату, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамға немесе оған теңестірілген адамға қатысты жасалған нақ сол әрекеттер, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 349-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.09.25 N 484 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

350-бап. Көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығару

1. Судьяның (судьялардың) көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығаруы -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бас бостандығынан айыруға соттың заңсыз үкім шығаруымен байланысты немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 350-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

351-бап. Көрінеу жалған сөз жеткізу

1. Қылмыс жасағаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен, не жасанды айыптау айғақтарын жасаумен ұштасқан, не пайдакүнемдік ниеттен туған дәл сол әрекет - алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық) ұйымның мүддесіне жасалған әрекеттер - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 351-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

352-бап. Көрінеу жалған жауаптар беру, сарапшының, маманның жалған қорытындылары немесе қате аудару

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сотта, не алдын ала анықтау жүргізу немесе алдын ала тергеу кезінде куәгердің, жәбірленушінің көрінеу жалған жауаптар беруі немесе сарапшының, маманның көрінеу жалған қорытындылар беруі, сол сияқты дәл сондай жағдайларда, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау кезінде аудармашы жасаған көрінеу қате аударма -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен, айыптаудың айғағын жасанды түрде жасаумен ұштасқан, сол сияқты пайдакүнемдік мақсатта жасалған дәл сол әрекеттер -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 352-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2003.09.25 N 484, 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

353-бап. Куәгердің немесе жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы

Куәгердің немесе жәбірленушінің сотта немесе алдын ала анықтау жүргізу немесе алдын ала тергеу кезінде жауап беруден бас тартуы -

елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. Адам өзіне, өзінің жұбайына (зайыбына) немесе өзінің туыстарына қарсы жауап беруден бас тартқаны үшін, сондай-ақ діни қызметшілер сеніп сырын ашқан діндестеріне қарсы жауап

беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа жатқызылмайды.

Ескерту. 353-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

354-бап. Жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету

1. Куәгерді, жәбірленушіні олардың жалған жауап беруі мақсатында не сарапшыны оның жалған қорытынды немесе жалған жауап беруі мақсатында, сол сияқты аудармашыны оның бұрыс аударманы жүзеге асыруы мақсатында сатып алу -

мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Куәгерді, жәбірленушіні жалған жауап беруге, сарапшыны жалған қорытынды беруге немесе аудармашыны бұрыс аударуды жүзеге асыруға мәжбүр ету, сол сияқты аталған адамдарды бопсалаумен, өлтіремін, денсаулығына зиян келтіремін деп осы адамдардың немесе олардың туыстарының мүлкін жоямын деп қорқытумен ұштасқан, жауап беруден жалтаруға мәжбүр ету -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, аталған адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз күш қолданылып жасалған әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топпен не аталған адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті күш қолданылып жасалған, сол сияқты сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасады деп айыпталуына байланысты әрекеттер -

екі жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 354-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

355-бап. Алдын ала анықтаудың немесе алдын ала тергеудің деректерін жария ету

Оларды жариялауға жол беруге болмайтыны туралы заңда белгіленген тәртіппен ескертілген адамның алдын ала анықтаудың немесе алдын ала тергеудің деректерін жария етуі, егер ол прокурордың, тергеушінің немесе алдын ала анықтау жүргізуші адамның келісімінсіз жасалған болса -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Ескерту. 355-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

356-бап. Мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға

**қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары
туралы мәліметтерді жария ету**

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР-ның 2009.04.07. N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1. Мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету, егер бұл әрекетті аталған мәліметтер сеніп тапсырылған немесе оның қызметтік жұмысына байланысты белгілі болған адам жасаса -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 356-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07. N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**357-бап. Хатталған немесе иелік етуге тыйым салынған не
тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз
әрекеттер**

1. Хатталған, тыйым салынған немесе иелік етуге шектеу қойылған мүлікті осы мүлік сеніп берілген адамның жасаған ысырап етуі, иеліктен шығаруы, жасырып қалуы немесе заңсыз беруі, сол сияқты несие ұйымдары қызметкерінің тыйым салынған, не жұмсау операциялары тоқтатылып қойылған ақша қаражатымен (салымдармен) банк операцияларын жүзеге асыруы -

жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соттың үкімі бойынша тәркілеуге жататын мүлікті жасырып қалу немесе иемденіп кету, сол сияқты мүлікке тәркілеу тағайындау туралы соттың заңды күшіне енген үкімін орындаудан өзге де жалтару -

жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 357-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**358-бап. Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан
немесе қамаудан қашу**

1. Жазасын өтеуші немесе алдын ала қамаудағы адам жасаған бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданылып, не осындай күш қолданамын деп

қорқытумен;

в) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттар қолданылып жасалса - жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Қашқан сәтінен бастап жеті күн мерзімде бас бостандығынан айыру немесе қамау орнына өз еркімен қайтып оралған адам, егер өзге жаңа қылмыс жасамаса және қашуы осы баптың екінші бөлігіндегі б) және в) тармақшаларында көзделген әрекеттермен ұштасып жатпаса қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

359-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтару

Бас бостандығынан айыру орнынан қысқа мерзімге шығуға рұқсат етілген сотталған адамның шығу мерзімі біткеннен кейін, сол сияқты айдауылсыз құқығын пайдаланушы, не қадағалауда жүрген сотталған адамның бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеуден жалтару мақсатында жасалған түзеу мекемесіне қайтып оралмауы - екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

360-бап. Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау

1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамның қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына әдейі бағынбауы -

екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет -

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына топтасып бағынбауды ұйымдастыру, сол сияқты күш қолданумен немесе өзіне қандай да бір қасақана жарақат салумен ұштасқан не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан топтасып бағынбауға қатысу -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 360-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

361-бап. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу

1. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына қатысты оның қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ сотталған адамның түзелуіне кедергі жасау немесе оның мекеме әкімшілігіне жәрдемдескені үшін кек алу мақсатында оған қатысты күш қолданамын деп қорқыту -

екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, бір топ адамның алдын ала сөз байласуы бойынша не өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданып жасалған әрекеттер -

жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме қызметкерінің не оның жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының өміріне оның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ сотталған адамға қатысты оның түзелуіне кедергі жасау немесе оның мекеме әкімшілігіне жәрдемдескені үшін кек алу мақсатында қол сұғу -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 361-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз) Заңымен.

362-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау

1. Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін қасақана орындамау, сол сияқты олардың орындалуына кедергі жасау -

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Өкімет өкілі, мемлекеттік қызметші, жергілікті өзін-өзі басқару органының қызметкері, сол сияқты мемлекеттік мекеменің коммерциялық немесе өзге де ұйымның қызметкері жасаған дәл сол әрекеттер -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы -

бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 362-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

363-бап. Қылмысты жасыру

Ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары жасаған қылмысты күні бұрын уәде берместен жасырғаны үшін адам қылмыстық жауаптылыққа жатқызылмайды.

Ескерту. 363-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

363-1-бап. Қылмысты жасыру

1. Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасының анық дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы өтініш немесе хабарлама берген адамға қатысты алдау, азғыру, қорқыту немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы не аталған адамның өтінішін кез келген өзге тәсілмен жою немесе жасыру арқылы кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты тіркеуден қасақана жасыруы -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол:

а) ауыр қылмысты жасыруға әкеп соққан;

б) адамдар тобы жасаған әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол:

а) аса ауыр қылмысты жасыруға не ауыр зардаптарға әкеп соққан;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды тұлға немесе қылмыстық қудалау органының бастығы жасаған не осы адамдардың нұсқауымен жасалған бірінші не екінші немесе үшінші бөліктерде көзделген әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 363-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

364-бап. Қылмыс туралы хабарламау

Дайындалып жатқан немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс туралы хабарламау - жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге жазаланады.

Ескерту. Қылмыс жасаған адамның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары қылмыс туралы, сондай-ақ діни қызметшілер өзіне сеніп сырын ашқан адамдардың қылмыстары туралы хабарламағаны үшін осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатқызылмайды.

Ескерту. 364-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

365-бап. Адвокаттар мен өзге де адамдардың адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау

1. Адвокаттар мен өзге де адамдардың қылмыстық процесте адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сол сияқты жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметтің дербестігін және тәуелсіздігін өзге де бұзу, егер бұл әрекеттер адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына

немесе заңды мүдделеріне, заңды тұлғалардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе,-

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған әрекеттер, -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 365-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-тарау. Әскери қылмыстар

366-бап. Әскери қылмыс ұғымы

Әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ запастағы азаматтардың жиындардан өтуі кезінде әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы осы тарауда көзделген қылмыстарды жасауы әскери қылмыстар деп танылады.

367-бап. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау

1. Бағынбау яғни бастықтың бұйрығын орындаудан ашық бас тарту, сол сияқты бастықтың белгіленген тәртіпте берілген бұйрығын бағыныштының, қызмет мүддесіне елеулі зиян келтіріп, өзгедей әдейі орындамауы -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған, сондай-ақ ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер -

бес жылдан жиырма жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал қылмысты ауырлататын жағдайларда өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде - өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Қызметке ұқыпсыз не ықылассыз қараудың салдарынан ауыр зардаптарға әкеп соққан бұйрықты орындамау -

бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекет -

үш жылдан он жылға дейінгі мөлшерде бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 367-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 175-IV , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

368-бап. Бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету

1. Бастыққа, сол сияқты әскери қызмет бойынша өзіне жүктелген міндетті атқарушы өзге адамға қарсылық көрсету немесе оны осы міндеттерді бұзуға күш қолдану және күш қолданамын деп қорқыту арқылы мәжбүр ету -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл осы әрекеттер:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) қару қолдана отырып жасаса;

в) ауыр немесе орташа ауырлықтағы дене жарақатын салса не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса -

үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер -

бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 368-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 175-IV , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

369-бап. Бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері

1. Бастықтың әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде немесе осы міндеттерді атқаруына байланысты оған қатысты жасалған ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру немесе өзге күш қолдану -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл осы әрекеттер:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

б) қару қолданып жасаса;

в) денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян немесе өзге ауыр зардаптар келтірсе - үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер -

бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 369-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 175-IV , 2009.07.10 N 177-IV ,

2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

370-бап. Бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу

1. Бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру немесе өзге күш қолдану, не ар-ожданы мен қадір-қасиетін кемсіту немесе жәбірленушіні масқаралауға байланысты бұзу -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

б) екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса;

в) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;

г) қару қолданып жасаса;

д) денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірсе -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 370-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

371-бап. Әскери қызметшіге тіл тигізу

1. Алынып тасталды - ҚР 2009.07.10 N 177-IV Заңымен.

2. Бағыныштының бастыққа сол сияқты әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде немесе оны атқарумен байланысты бастықтың бағыныштыға тіл тигізуі -

бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 371-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

372-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету

1. Бейбіт уақытта жасалған, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, сол сияқты қызметке дәлелсіз себептермен мерзімінде келмеу, егер өз бетімен тастап кетушілік бір айдан ұзаққа созылса, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, егер өз бетімен тастап кетушілік бір тәуліктен ұзаққа созылса, -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ұзақтығына қарамастан, ұрыс жағдайында бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, -

бес жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 372-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 N 177-IV Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

373-бап. Қашқындық

1. Қашқындық, яғни әскери қызметтен жалтару мақсатында әскери бөлімді немесе қызмет орнын тастап кету, сол сияқты осындай мақсатпен қызметке келмеу -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қызмет бойынша сеніп тапсырылған қарумен қашу, сол сияқты алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған қашқындық -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Ұрыс жағдайында жасалған дәл сол әрекет -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Соғыс уақытында жасалған нақ сол әрекет -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген қашқындықты жасаған әскери қызметші, егер қашқындық ауыр жағдайлардың себептерінен болса және егер ол әскери қызметті одан әрі өткеру үшін өз еркімен келген болса, сот оны қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. 373-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2009.07.10 N 175-IV, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

374-бап. Дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару

1. Әскери қызметшінің ауруды сылтау ету, немесе өзіне қандай да бір болмасын зақым келтіру (дене мүшесін зақымдау), не денсаулығына өзге зиян келтіру, немесе жалған құжат жасау немесе өзгеше алдау жолымен әскери қызмет міндеттерін атқарудан жалтаруы -

айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Әскери қызмет міндеттерін атқарудан толық босану мақсатында жасаған дәл сол әрекет - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 374-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2009.07.10 N 175-IV , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

375-бап. Жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу

1. Қазақстан Республикасына кенеттен жасалған шабуылды дер кезінде байқау және тойтару бойынша, не оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауынгерлік кезекшілікті (жауынгерлік қызмет) атқарудың ережелерін бұзу, егерде бұл әрекет мемлекеттің қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтірсе немесе зиян келтіруі мүмкін болса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметшіні, қылмысты жеңілдететін мән жайларда, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. 375-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

376-бап. Шекаралық қызмет атқарудың ережелерін бұзу

1. Шекаралық нарядтың құрамына кіретін немесе шекаралық қызметтің өзге де міндеттерін атқарушы адамның шекаралық қызмет атқарудың ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет мемлекеттің қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтірсе немесе зиян келтіруі мүмкін болса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметші қылмысты жеңілдететін мән-жайларда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ескерту. 376-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

377-бап. Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу

1. Қарауыл (вахта) құрамына кіретін адамның қарауыл (вахта) қызметінің жарғылық ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет қарауыл (вахта) күзететін объектіге зиян келтіруге немесе өзге зиянды зардаптардың болуына әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер -

жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметші қылмысты жеңілдететін мән-жайларда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ескерту. 377-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

378-бап. Ішкі қызмет атқарудың және гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін бұзу

1. Бөлімнің тәуліктік нарядына (қарауыл мен вахтадан басқа) кіретін адамның ішкі қызмет атқарудың жарғылық ережелерін бұзуы, сол сияқты патруль нарядының құрамына енген адамның гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін және осы ережелерді дамытуға шығарылған бұйрықтар мен өкімдерді бұзуы, егер ол зиянды зардаптарға әкеп соқса, оның алдын алу осы адамның міндетіне кіретін болса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметші қылмысты жеңілдететін мән-жайларда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ескерту. 378-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2009.07.10 N 177-IV , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

379-бап. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың ережелерін бұзу

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша әскери нарядтың құрамына кіретін адамның қызмет атқарудың ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 379-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 N 177-IV Заңымен.

380-бап. Билікті теріс пайдалану

1. Бастықтың немесе лауазымды адамның билікті немесе қызмет бабын өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға немесе төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, жауынгерлік жағдайда жасалған әрекеттер, -

жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 380-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

380-1-бап. Билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану

1. Билікті не қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктері шегінен сөзсіз асып кететін, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасауы, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға немесе екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соқтырған не:

а) күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып;
б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолданып;
в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған нақ сол әрекет, -
бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер, -

жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесілген немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 380-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

380-2-бап. Биліктің әрекетсіздігі

1. Биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, жауынгерлік жағдайда жасалған әрекеттер, -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Кодекс 380-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

381-бап. Қызметке селқос қарау

1. Бастықтың немесе лауазымды адамның қызметке селқос қарауы елеулі түрде зиян келтірсе - екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер - жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер - үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметші қылмысты жеңілдететін мән-жайларда қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ескерту. 381-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

382-бап. Құрып бара жатқан әскери кемені тастап кету

1. Құрып бара жатқан әскери кемені өзінің әскери міндеттерін ақырына дейін орындамаған кеме командирінің, сол сияқты командирдің оған тиісті өкімінсіз қызмет атқаратын кеме командасы құрамындағы адамның тастап кетуі -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған дәл сол әрекет - бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 382-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

383-бап. Жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету

Бастықтың өзіне сеніп тапсырылған әскери күштерді жауға беруі, сол сияқты ұрыс жағдайы мәжбүр етпеген ретте бекіністерді, әскери техниканы және соғыс жүргізудің басқа да құралдарын жауға қалдырып кету, егер аталған әрекеттер жауға жағдай туғызу мақсатында жасалмаса - он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 383-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

384-бап. Тұтқынға өз еркімен берілу

Қорқақтық немесе жігерсіздік салдарынан өз еркімен тұтқынға берілу - бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 384-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

385-бап. Тонаушылық

Шайқас даласында өлгендер мен жараланғандардың заттарын ұрлау (тонау) - бес жылдан он жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 385-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

386-бап. Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту

1. Мемлекеттік құпиясы жоқ әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды немесе заттарды осы құжаттар немесе заттар қызметі бойынша сеніп тапсырылған адамның жоғалтуы, егер жоғалту аталған құжаттар мен заттарды ұстаудың белгіленген ережелерін бұзудың салдары болып табылса -

бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мемлекеттік құпиясы жоқ әскери сипаттағы құпия мәліметтерді осы мәліметтер сеніп тапсырылған немесе қызметі бойынша белгілі болған адамның жария етуі -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі зиян келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптардың болуына әкеп соққан әрекеттер -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 386-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

387-бап. Әскери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру

1. Қару-жарақты, оқ-дәріні, қозғалыс құралдарын, әскери техниканы немесе өзге де әскери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 387-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

388-бап. Әскери мүлікті абайсызда құрту немесе бүлдіру

Қару-жарақты, оқ-дәріні, қозғалыс құралдарын не әскери техника заттарын абайсызда құрту немесе бүлдіру ауыр зардаптарға әкеп соқса -

бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 388-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

389-бап. Әскери мүлікті жоғалту

Қызметте пайдалану үшін сеніп берілген қару-жарақты, оқ-дәріні немесе әскери техника заттарын сақтау ережелерін бұзуы, егер бұл олардың жоғалуына әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 389-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

390-бап. Айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу

1. Айналасындағыларға үлкен қатер туғызатын қару-жарақты, оқ-дәрілерді, радиоактивті материалдарды, жарылғыш және өзге де заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы залал келтірсе, әскери мүліктің жойылуына не өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 390-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

391-бап. Машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу

1. Әскери, арнаулы немесе көліктік машинаны жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу, абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекет -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. 391-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

392-бап. Ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу

Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу, сол сияқты әскери ұшу аппараттарын пайдалану ережелерін бұзу - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

393-бап. Кеме жүргізу ережелерін бұзу

Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әскери кемелерді жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*